## Маркердің гидравликалық жүйесін зарядтау

Маркерлер құлап, жеке жарақат алуды тудыруы мүмкін. Басқарудың алдында цилиндр мен бекіту шлангілерінің маймен толығымен толтырылғанын тексеріңіз. Мұны орындамау маркерлердің жылдам құлауына әкелуі мүмкін.

Көтеру немесе түсіру кезінде ӘРҚАШАН маркерлерден алыс тұрыңыз.



N39213 —UN—22SEP88

NX,515,C9 -KK-05APR91-1/1


## Қоқысты тиісті түрде тастау

Қоқысты дұрыстап тастамау қоршаған ортаға және экологияға қауіп төндіруі мүмкін. John Deere жабдығында пайдаланылатын ықтимал қауіпті қоқысқа май, отын, суыту сұйықтығы, тежеуіш сұйықтығы, сүзгіштер және батареялар жатады.

Сұйықтықтарды шығарғанда ақпайтын контейнерлерді пайдаланыңыз. Біреу байқамай ішуі мүмкін тамақ немесе сусын контейнерлерін пайдаланбаңыз.

Қоқысты жерге, канализация құбырына немесе кез келген су көзіне төкпеңіз.

Желдету жүйесінен салқындатқыш заттардың шығуы Жер шарының атмосферасына зақым тигізеді. Үкімет ережелері пайдаланылған желдету жүйесінің салқындатқыш затын қуәліктендірілген желдету жүйелеріне қызмет көрсету орталығында қалпына келтіруді және қайта пайдалануды талап етуі мүмкін.



Жергілікті қоршаған орта немесе қайта пайдалану орталығынан немесе John Deere дилерінен қоқысты қайта пайдаланудың немесе тастаудың дұрыс жолы туралы сұраңыз.

DX, DRAIN -KK-03MAR93-1/1

TS1133—UN—15APR13

### Жапсырмалы қауіпсіздік белгілері

Осы машинаның бірнеше маңызды жерлерінде ықтимал қауіпті білдіретін қауіпсіздік белгілері жапсырылған. Қауіп ескерту үшбұрышындағы суретпен анықталады. Жанындағы сурет жеке жарақаттың болдырмауы туралы ақпарат береді. Осы қауіпсіздік белгілері, олардың машинадағы орналасуы және қысқа түсіндірме мәтін төменде көрсетілген.



TS231 —KK—03AUG12

FX,WBZ -KK-19NOV91-1/1

### Қауіпсіздік белгілерін ауыстыру

Жоқ немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Қауіпсіздік белгілердің дұрыс орналасуы үшін машинаның механик-жүргізуші нұсқаулығын пайдаланыңыз.

Осы механик-жүргізуші нұсқаулығында жазылмаған жеткізушілерден алынған бөлшектерде және құрамдастарда қауіпсіздік турлы қосымша ақпарат болуы мүмкін.



TS201 —UN—15APR13

DX,SIGNS -KK-18AUG09-1/1

## Қауіпсіздік белгілері



Ілгек

A67431 —UN—19MAY10



A—Ескерту

**A—Ескерту** Басылып қалудан жарақаттану не өлімді болдырмау үшін көтерілген машинаның астында қандай да бір қызметті немесе баптауларды

орындаудың алдында қызметтік құлыптарды орнатыңыз.


OUC6064.000068A -KK-08AUG12-1/13

SSA84316 —UN—31MAR06



Ілгек

A67434 —UN—19MAY10



A—Ескерту

**A—Ескерту** Ілгек істігі алынған кезде тіл жоғары қарай көтерілуі мүмкін.

**ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН АЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН,** ілгек істігін алудың алдында әрқашан аспа құралды жерге төмендетіңіз.

Бекітілген ілгек істігін пайдаланбау істіктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Ілгек істігінің фланеці ілгек тақтасында төмен және ысырма фланецтен жоғары орналасқанына сенімді болыңыз.

Келесі бетте жалғасады


OUC6064.000068A -KK-08AUG12-2/13

SSA83586 —UN—21FEB06



Ілгек

A67433 — UN — 19MAY10



A—Ескерту

SSA83030 — UN — 21FEB06

**A—Ескерту** Аспа құралдың 32 км/сағ (20 миль/сағ) максималды тасымалдау жылдамдығынан асырмаңыз. Осы жылдамдықтан асыру тасымалдау не тежеу барысында басқарудың жоғалуына немесе қатты жарақат алуға не өлімге әкелуі мүмкін. Тек тиісті түрде


балластанған трактормен және тиісті түрде бекітілген қауіпсіздік сүйреу шынжырымен тасымалдаңыз. Моторлық көлікпен тасымалдамаңыз. Еңістерде, ыңғайсыз бетте сүйрегенде және бұрылғанда жылдамдықты азайтыңыз және аса сақ болыңыз.

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-3/13



Ілгек

A67432 — UN — 19MAY10



A—Ескерту

SSA88733 — UN — 15JUN09

**A—Ескерту** Қысымдалған гидравликалық сұйықтың бүркуінен ауыр жарақат алуды болдырмаңыз. Кез келген гидравликалық құрамдастарға қызмет көрсету немесе техникалық қызмет көрсету алдында әрқашан қысымды

босатыңыз. Трактор және аспа құралдың Механик-жүргізуші нұсқаулықтарын қараңыз. Ағатын жерлерді қолмен іздеуге болмайды. Картон немесе ұқсас материалдарды пайдаланыңыз.

Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-4/13



Көтеру цилиндрлері

A67445 —UN—20MAY10

**A—Ескерту** Басылып қалудан жарақаттану не өлімді болдырмау үшін көтерілген машинаның астында қандай да бір қызметті немесе баптауларды



A—Ескерту

орындаудың алдында қызметтік құлыптарды орнатыңыз.

SSA84316 —UN—31MAR06

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-5/13



Маркерлердің екеуі де

A67440 —UN—19MAY10

**A—Қауіп** Жарақат алуды немесе өлімді болдырмау үшін, электр желілеріне тиіменіз.



A—Қауіп

Келесі бетте жалғасады

SSA83971 —UN—31MAR06

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-6/13



Маркерлердің екеуі де

A67443 —UN—20MAY10



A—Ескерту

#### A—Ескерту

1. Маркерлерді басқарудың алдында цилиндр мен бекіту шлангілерінің маймен толығымен толтырылғанын тексеріңіз. Бұлай жасамау жиналған


күйден төмендеткен кезде маркерлердің жылдам құлауына мүмкіндік беруі мүмкін.

2. Көтеру және төмендету барысында маркерден алшақ тұрыңыз.

Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-7/13


SSA83652 —UN—21FEB06



A57675 —UN—30MAR06

**A—Ескерту** Ауадағы химиялық заттардың әсерінен сақ болыңыз. Қақпақты ашу алдында желдеткішті тоқтатыңыз. Бұл бак қысымдалған болуы мүмкін. Желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда қақпақ ашылса, ол жоғары ұшып кетуі мүмкін. Бак қақпағы ашық болса, шаң мен түтін шығуы мүмкін.

**B—Ескерту** Серуендемеу



A—Ескерту




B—Ескерту

SSA83761 —UN—05JUL07

SSA84352 —UN—31MAR06


Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-8/13



ОӨЖ және көмекші бак қақпақтары

A67447 —UN—20MAY10



A—Ескерту

**A—Ескерту** Ауадағы химиялық заттардың әсерінен сақ болыңыз. Қақпақты ашу алдында желдеткішті тоқтатыңыз. Бұл бак қысымдалған болуы мүмкін.

Желдеткіш жұмыс істеп тұрғанда қақпақ ашылса, ол жоғары ұшып кетуі мүмкін. Бак қақпағы ашық болса, шаң мен түтін шығуы мүмкін.

OUC6064,000068A -KK-08AUG12-9/13

SSA84336 —UN—31MAR06



Баспалдақ

A67444 —UN—20MAY10




A—Ескерту

**A—Ескерту** Серуендемеу


Келесі бетте жалғасады

OUC6064,000068A -KK-08AUG12-10/13

SSA84352 —UN—31MAR06



A57676 —UN—30MAR06



SSA83584 —UN—31MAR06

A—Ескерту

Сепкішті көтеріп, шлангілерді тазалаңыз (Желдеткіш қосулы және машина көтерілген)


Сепкіш пен бакты тазалаңыз (Желдеткіш машина төмендетілгенде ғана жұмыс істейді)

**A—Ескерту** Басылып қалу салдарынан болатын жарақат алуды болдырмаңыз. Көтерілген сепкішке

қызмет көрсету немесе баптауды орындау алдында әрқашан қызмет құлыптарын орнатыңыз. Механик-жүргізуші нұсқаулығындағы тазалау үрдісін қараңыз.


Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-11/13



A64407 —UN—18MAR09

Түйіршіктелген химиялық жинауыш



A—Ескерту


**A—Ескерту** Химиялық заттар көз, тері немесе тыныс алу қиындығы мәселелерінің себебі болуы мүмкін. Бет маскасын, қолғаптарды, және қорғаныштық

көзілдіріктерін киіңіз. Жеткізуші жапсырмасындағы қауіпсіздік нұсқаулықтарын оқыңыз және соларды сақтаңыз.

Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-12/13

SSA83761 —UN—05JUL07



A—Ескерту



Жақтауды басқару өрісі

Қысымдалған гидравликалық сұйықтықтың енгізілуі салдарынан болатын ауыр жарақатқа жол бермеу үшін келесіні орындаңыз:

1. Сепкішті және екі маркерді төмендетіңіз.
2. Барлық гидравликалық тізбектерді қалқу күйіне орнатыңыз. (Трактор және аспа құралдың Механик-жүргізуші нұсқаулықтарын қараңыз)
3. Тасымалдау/себу қосқышын Себу күйіне орнатыңыз.

4. Тасымалдау/себу қосқышын Тасымалдау күйіне орнатыңыз.

5. Қалған барлық қосқыштарды екі бағытқа басыңыз.

6. Моторды тоқтатыңыз. (қосулы болса) Кілт қосқышын өшіріңіз.

**ЕСКЕРТУ:** Ескерту жапсырмасы сымдарға байланған.

OUO6064,000068A -KK-08AUG12-13/13

SSA83578 —UN—12JUN09

A64904 —UN—24JUN09

### Трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын пайдалану

ӨЗІҢІЗДІҢ жабдығыңыздың жұмысына қатысты арнайы егжей-тегжейлі ақпаратты алу үшін ӨЗІҢІЗДІҢ трактор Механик-жүргізушісінің нұсқаулығыңызды әрқашан қараңыз.

Тракторға қатысты ақпарат John Deere тракторларын дайындықты, бекітуді және жұмыстық үрдістерді көрсетуге пайдаланады. Үрдістер жабдыққа байланысты өзгертіндіктен толық ақпаратты алу үшін трактордың МН пайдаланыңыз.



TS190 — UN—17JAN89

NX,1200V,A1 -KK-18MAR99-1/1

### Қауіпсіз тасымалдау үшін минималды трактор салмағын есептеу

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Минималды трактор салмағынан аз салмаққа балласт жүктелген тракторды пайдалану басқаруды жоғалтуға және ауыр жарақат немесе өлімге әкелуі мүмкін.

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Бактарда өнімі бар сепкішті бүгулі күйде тасымалдамаңыз. Бос

болмаса, сүйретілген жүкті (тыңайтқыш бағы сияқты) тасымалдамаңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** Кейінгі қауіпсіз тасымалдау ақпаратын алу үшін әрқашан трактор механик-жүргізушісінің нұсқаулығын қараңыз.


Сүйретілген жүк құралдың артына тіркелген болса 1,5-ке бөлердің алдында сүйретілген жүктің салмағын құралдың жалпы салмағына қосыңыз.

ФОРМУЛА: Аспа құралдың толық салмағы ÷ 1,5 = Қауіпсіз тасымалдау үшін минималды трактор салмағы

OUO1074,00013A6 -KK-21JUN08-1/1

### Алдыңғы шетін балласттау

Тұрақтылықты жақсарту үшін трактордың алдыңғы жағында 20 алдыңғы шет трактор салмақтарын орнатыңыз. Трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз. Барлық тракторларды дұрыс балласттаңыз.



A68930 — UN—30SEP10

OUO6064,000037A -KK-31JAN11-1/1

### Артқы доңғалаққа салмақ қосу

Артқы трактор желілерінде сұйықтық немесе доңғалақ салмақтарын пайдаланбаңыз. Сұйықтықты

немесе салмақтарды пайдалану машинаны тасымалдау кезінде қажетті шинаның жүктемені ұстау сыйымдылығын азайтады. Барлық тракторларды дұрыс балласттаңыз.

OUO6064,0000108 -KK-21MAY10-1/1

### Трактор шинасы бойынша ұсыныс

Қос артқы трактор шиналары тұрақтылық үшін және машина бүгілген тасымалдау күйінде болған кезде жүктемені тасымалдау сыйымдылығы үшін қажет.

OUO6064,000010A -KK-21MAY10-1/1

## Трактор доңғалағының аралығын орнату

**Айдалатын егістер тракторларына** шиналар (іздің ортасынан ортасына дейін) трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығында көрсетілген қатар

еніне сай, сатып алынған DB сепкішінің қатар енінің негізінде орнатылады.

OUC06064,000036A -KK-25JAN11-1/1

## Шина үрленуін тексеру

Ауыр жүкті тасымалдау үшін артқы шина қысымын арттыру қажет болуы мүмкін. Сепкішті алғаннан кейін

артқы шина қысымын оңтайлы жүктеу күшіне арналған деңгейге қайтарыңыз. Трактор шиналарын трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығында ұсынылғандай үрлеңіз.

OUC06064,000010B -KK-21MAY10-1/1

## Трактордың гидравликалық жүйесін тексеру

**МАҢЫЗДЫ:** Ортасы ашық трактордың гидравликалық жүйесін машинаны басқару үшін пайдаланбаңыз. Трактор сорабының тұрақты зақымдалуы орын алуы мүмкін.

Тракторды басқару бойынша толық нұсқаулықтарды алу үшін трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

Вакуум моторы және құбылмалы өлшем жетегі гидравликалық жүйесі ортасы жабық трактордың гидравликалық жүйелерімен басқарылуы үшін жасалған. Жүктеу сезімталдылығы немесе қысымды

талап ететін гидравликалары бар тракторлар ортасы жабық жүйелер ретінде жіктеледі. Ортасы ашық трактор гидравликалары осы жүйемен сыйысымды ЕМЕС.

Жақтау конфигурациясына, дөңді егу және қатарлар санына байланысты қажет етілетін минималды трактордың күту қысымы шамамен 15 513 кПа (155 бар) (2250 фунт/дюйм<sup>2</sup>).

Гидравликалық жүйенің жұмыс қысымы - 20 684 кПа (207 бар) (3000 фунт/дюйм<sup>2</sup>). Гидравликалық жүйенің жарылу қысымы - 82 737 кПа (827 бар) (12 000 фунт/дюйм<sup>2</sup>).

OUC06074,0000A10 -KK-21MAY09-1/1

## Тракторға қойылатын талаптар

**ЕСКЕРТУ:** Қосымша машина тіркемелерімен жұмыс істеген кезде немесе жұмсақ

көшеттерде себу кезінде және топырақты аудару кезінде қосымша ат күшіне ие тракторлар қажет етіледі.

| Үлгісі    | МОТОР киловаты (ат күші) |
|-----------|--------------------------|
| 16R 70 см | 175 кВт (235)            |
| 24R 45 см | 194 кВт (260)            |
| 24R 70 см | 194 кВт (260)            |
| 32R 70 см | 209 кВт (280)            |
| 36R 45 см | 209 кВт (280)            |
| 36R 70 см | 209 кВт (280)            |

WP29706,00002DA -KK-03AUG12-1/1

## Ілгек жүктемелері

**МАҢЫЗДЫ:** Машина бүгілген кезде өнім бактарының бос болуы ұсынылады.

**ЕСКЕРТУ:** Салмақтар әдеттегі қосымша жабдықпен беріледі. Басқа әдеттегі қосымша жабдықпен берілетін салмақтар өзгешеленеді.

Құралдың максималды статикалық тік жүктемесі бүгулі тасымалдау күйінде пайда болады.

| Трактордың тарту құралындағы статикалық тік жүктеме |                                  |
|-----------------------------------------------------|----------------------------------|
| Үлгісі                                              | Максималды бос салмақ, кг (фунт) |
| 16R 70 см                                           | 2413 (5320)                      |
| 24R 45 см                                           | 2422 (5340)                      |
| 24R 70 см                                           | 3715 (8190)                      |
| 32R 70 см                                           | 4817 (10 620)                    |
| 36R 45 см                                           | 3996 (8810)                      |
| 36R 70 см                                           | 6486 (14 300)                    |

WP29706,00002A3 -KK-03AUG12-1/1

## Таңдаулы басқару клапандарын орнату—8000 және 9000 сериялы тракторлар

"Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.

OUO6045.000011D -KK-07APR09-1/1

### Төмен қысымды корпусың төгу қосылымы

**МАҢЫЗДЫ:** Желдеткіш моторына зақым келуінің алдын алыңыз, тракторды 172 кПа (1,72 бар) (25 фунт/дюйм<sup>2</sup>) мәнінен төмен төменгі қысымды төгу құбырымен жабдықтаңыз. Корпусың төгу құбырының жиынтықтары кестесін қараңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** John Deere тракторлары бойынша кестеде тізімі берілген қосылым жиынтықтарын пайдаланыңыз. Егер төмен қысымды төгу құбырының жиынтығы әлдеқашан орнатылған болса, оның кестеде тізімі берілген сипаттамалармен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

John Deere тракторы үшін төмендегі жиынтықтардың біріне тапсырыс жасаңыз. Басқа тракторлар үшін үйлесімді қосылым жиынтығын сатып алу үшін трактор дилерімен хабарласыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** John Deere қосылым жиынтығына орнату нұсқаулары кіреді.



Алдыңғы корпусың төгу құбырының шлангісін шаю бойынша кеңес

A53392—UN—25NOV03

#### Корпусың төгу құбырының жиынтықтары

| Трактор үлгісі                                                                  | Жиынтық нөмірі       |
|---------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
| 6000 және 10 сериясы<br>Сериялық нөмірлері (- 12451) бар 7420 және 7520 сериясы | BA30216 <sup>a</sup> |
| 6020, 7220, 7320, 7420, 7520 сериясы                                            | AL169965             |
| 6030 сериясы, 6R                                                                | RE228000             |
| 6D сериясы                                                                      | SJ288860             |
| 7200, 7400, 7600, 7700, 7800 және 10 сериясы                                    | BA30218 <sup>a</sup> |
| 7720, 7820 және 7920 сериясы                                                    | RE211441             |
| 7030 шағын корпус және Premium тракторлары                                      | RE228000             |
| 7030 үлкен корпусы тракторлары                                                  | RE211441             |
| 7R сериялы тракторлар                                                           | RE327561             |
| 8000, 8000T, 8010, 8010T, 8020, 8020T, 8030, 8030T, 8R және 8RT сериясы         | RE222721             |
| 9000, 9000T, 9010, 9010T, 9020, 9020T, 9030 және 9030T сериясы                  | RE218665             |
| 9R және 9RT сериясы                                                             | RE299261             |

<sup>a</sup>Қосалқы бөлшектер арқылы тапсырыс беріңіз.

OUO6074.0000968 -KK-06JUN12-1/1

## Ұсынылған трактор параметрлері

Толық басқару нұсқаулықтарын көру үшін трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

| Трактор параметрлері               |                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Орнату элементі                    | Барлық DB сериялы сепкіш үлгілері                                                                                                                                                              |
| Тарту құралының жерден қашықтығы   | 430 мм<br>(17 дюйм)                                                                                                                                                                            |
| Тарту құралының орналасуы          | Қысқа күйде ортаға келтірілген                                                                                                                                                                 |
| Тарту құралының тірегі             | Тарту құралының тірегі орнатылған                                                                                                                                                              |
| Тарту құралының санаты             | Барлық DB сепкіштерінің 4-санаты                                                                                                                                                               |
| Шина балласты                      | Артқы шиналардағы сұйықтықты не құйма салмағын шектеу <sup>a,b</sup>                                                                                                                           |
| Трактордың гидравликалық талаптары | Тек қана ортасы жабық<br>Трактордың минималды гидравликалық қысымы - 15 513 кПа (155 бар) (2250 фунт/дюйм <sup>2</sup> )<br>Жұмыс қысымы - 20 684 кПа (207 бар) (3000 фунт/дюйм <sup>2</sup> ) |
| Шина қысымдары                     | Трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.                                                                                                                                              |
| Гидравликалық басқару элементтері  | "Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.                                                                                                    |

<sup>a</sup>Қос артқы трактор доңғалақтары тұрақтылық үшін және жүктемені тасымалдау сыйымдылығы үшін, әсіресе машина тасымалдау үшін бүгілген кезде қажет.

<sup>b</sup>Машинаны тасымалдау кезінде жүргізу үшін шинаның жүргізу сыйымдылығы арттырылуына байланысты трактордың артқы шиналарында сұйық немесе құйма доңғалақ салмақтарын шектеңіз.

OUO6064,00000D0 -KK-07MAY10-1/1

### ОӨЖ жүйесін алғашқы рет пайдалану


Жаңа дән қоймасын пайдаланудың алғашқы кезінде үйілген дән қоймасы ішінің түбіне тальктың жұқа қабатын жағыңыз. Үш есе көп тальк мөлшерін үйілген қоймада орналасқан дәннің бірінші екі немесе үш

бушелімен араластырыңыз. (ТАЛЬКТЫ ЖӘНЕ ГРАФИТ МАЙЛАРЫН ПАЙДАЛАҢУ бөлімін қараңыз) Ол дән қаптауларының жиналуына қарсы көмек ретінде ОӨЖ жүйесін және шлангілерді қорғаушы қабатпен қаптайды.

OUO6074,0000EC8 -KK-24MAR09-1/1

### Пайдалану алдында

Қосымша ақпаратты **Майлау** және **Қызмет көрсету және баптаулар** бөлімдерінен қараңыз.



A53141 —UN—04NOV03


AG,OUO6074,1171 -KK-21MAY09-1/1

## Трактордың тарту құралы мен аспа құралдың тарту сақинасының үйлесімділігін анықтау


**МАҢЫЗДЫ:** Машинаның зақымдалуын болдырмаңыз. Трактордың тарту құралы мен аспа құралдың тарту сақинасын үйлестіріңіз. Нақты тарту құралы туралы ақпаратты трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.

Трактордың тарту құралының тұрақты тік жүктеу сыйымдылығынан аспаңыз.

Тік жүктеу үшін "Сипаттамалар" бөлімін қараңыз және тарту құралы шектеулері мен ауыр жұмыс тіректері үшін трактордың нұсқаулығын қараңыз.



A60572 —UN—08AUG07



A71336 —UN—21APR11

**A—Тарту құралының істігі**

**B—Тарту құралының саңылауы**

**C—Ойық**

Трактордың тарту құралы мен аспа құралдың тарту сақинасын үйлестіріңіз. Жалғыз ерекшелік саңылауы 90 мм (3,54 дюйм) болатын 3 санатты тарту құралымен

бірге пайдаланылатын 4 санатты сақина болып табылады. Тік жүктеу шектеулерінен аспаңыз.

| Тарту құралы мен тарту сақинасының үйлесімділігі |                                     |                              |                              |                          |                             |
|--------------------------------------------------|-------------------------------------|------------------------------|------------------------------|--------------------------|-----------------------------|
| Тарту құралы мен тарту сақинасының санаты        | Трактордың тарту құралы             |                              | Аспа құралдың тарту сақинасы |                          |                             |
|                                                  | Тарту құралы істігінің (A) диаметрі | Тарту құралының саңылауы (B) | Ойық (C) ұзындығы            | Ойық (C) ені (минималды) | Тарту сақинасының қалыңдығы |
| 3                                                | 38 мм (1,50 дюйм)                   | 70—90 мм (2,75—3,54 дюйм)    | 41—66 мм (1,61—2,60 дюйм)    | 41 мм (1,61 дюйм)        | 48 мм (1,89 дюйм)           |
| 4                                                | 51 мм (2,00 дюйм)                   | 90 мм (3,54 дюйм)            | 55—70 мм (2,17—2,75 дюйм)    | 55 мм (2,17 дюйм)        | 50 мм (1,97 дюйм)           |
| 5                                                | 70 мм (2,75 дюйм)                   | 100 мм (3,94 дюйм)           | 73—85 мм (2,87—3,35 дюйм)    | 73 мм (2,87 дюйм)        | 60 мм (2,36 дюйм)           |

OUC6064,000067C -KK-09JAN12-1/1

## Доңғалақ болттарын бекемдеу

**МАҢЫЗДЫ:** Жұмыстың алдында, пайдаланудың алғашқы 10 сағатынан кейін және әрбір 50 сағат сайын, әрекеттен бұрын доңғалақ гайкаларындағы айналдыру моментін тексеріңіз.

Қанат доңғалағы болттарын (А) және қанат доңғалағы гайкаларын (В) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

### Сипаттама

Қанат доңғалағының болттары және гайкалары—Айналдыру моменті..... 176 Н·м  
(130 фунт-фут)

Қанат гайкаларын (С) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

### Сипаттама

Доңғалақтың қысқыш гайкалары—Айналдыру моменті..... 176 Н·м  
(130 фунт-фут)

Қанат гайкаларын (D) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

### Сипаттама

Доңғалақтың қысқыш гайкалары—Айналдыру моменті..... 675 Н·м  
(500 фунт-фут)


Шинаны және тоғынды қақпақ бұрандалары мен гайкалардың (Е) кеңейтімі бойынша сипаттамаға сай бекемдеңіз.

### Сипаттама


Шина және тоғынды кеңейтім бұрандалары мен гайкалары—Айналдыру моменті..... 339 Н·м  
(250 фунт-фут)

**А**—Қанат доңғалағының болттары (әр доңғалақта 6 пайдаланылады)  
**В**—Доңғалақ гайкалары (6 пайдаланылады)  
**С**—Ортаңғы жақтау доңғалақтарының гайкалары (әр күпшекке 6 қолданылады) (шағын жақтау)


**D**—Ортаңғы жақтау доңғалақтарының гайкалары (әр күпшекке 10 қолданылады) (үлкен жақтау)  
**Е**—Ортаңғы жақтау шинасы мен тоғынды ұзын қақпақ бұрандасы мен гайкасы (әр доңғалақта 12 пайдаланылады)



Қанат доңғалақтары



Ортаңғы жақтау доңғалақтары (шағын жақтау)



Ортаңғы жақтау доңғалақтары (үлкен жақтау)

A73984 —UN—09JAN12

A73985 —UN—09JAN12

A73986 —UN—09JAN12

WP29706,00002C9 -KK-23JUL12-1/1

## Шинаның үрлену қысымы

| Шина өлшемі                                                                                                               | Шина қысымы                                     |                                           |                                |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|-------------------------------------------|--------------------------------|
|                                                                                                                           | кПа                                             | бар                                       | фунт/дюйм <sup>2</sup>         |
| 265/70D16,5                                                                                                               | 206—310                                         | 2.06—3.1                                  | 30—45                          |
| 330/55D16,5                                                                                                               | 413                                             | 4.1                                       | 60                             |
| 31-13,5 x 15<br>6 қабатты қанат жақтауының<br>шиналары                                                                    | 220                                             | 2.20                                      | 32                             |
| 31-13,5 x 16,50<br>8 қабатты қанат жақтауының<br>шиналары                                                                 | 276                                             | 2.75                                      | 40                             |
| 400/55-22.5<br>Ортаңғы жақтау шиналары                                                                                    | 317                                             | 3.2                                       | 46                             |
| 31-13,5 x 15<br>14 қабатты ортаңғы жақтау<br>шиналары                                                                     | 620                                             | 6.21                                      | 90                             |
| Ортаңғы жақтау шиналары<br>445/50R22,5<br>(DB66 және кіші машиналар)<br>(DB74—DB88)<br>(DB90 және үлкенірек<br>машиналар) | (482.6—551.5)<br>(482.6—620.5)<br>(551.5—689.4) | (4.82—5.51)<br>(4.82—6.20)<br>(5.51—6.89) | (70—80)<br>(70—90)<br>(80—100) |
| 18 x 8,5-8 маркер шинасы                                                                                                  | 152                                             | 1.5                                       | 22                             |
| 4,8-8 маркер шинасы                                                                                                       | 276                                             | 2.75                                      | 40                             |

OUO6045,00002AB -KK-03DEC12-1/1

## Маркерлерді баптау

1. Әрбір маркерді төмендетіңіз және ұзындықты тексеріңіз. Баптау қажет болса, келесі қадамдармен орындаңыз.
2. Орнатылған бұрандаларды (A) босатыңыз.
3. Маркер түтігін (B) дұрыс өлшемге (C) баптаңыз.


Себу құрылғысының орталық жолағынан маркер дискісіне дейін төмендетілген күйдегі маркермен өлшеңіз.

| Жақтау конфигурациясы | Өлшем "C" мм (дюйм) |
|-----------------------|---------------------|
| 16R70cm               | 5950 (234)          |
| 24R45cm               | 5630 (222)          |
| 24R70cm               | 8750 (344)          |
| 32R70cm               | 11500 (455)         |
| 36R70cm               | 12950 (510)         |

4. Гайкаларды бекемдеңіз.
5. Өлшем шамамен көрсетілген және алқапта тексерілуі тиіс.

A—Орнату бұрандалары  
B—Маркер түтігі

C—Өлшем



A50717 —UN—17OCT02

A50718 —UN—21OCT02

OUO6064,0000361 -KK-30JUL12-1/1

## Маркер дискісін баптау


Маркер дискісі топырақта көшет жасайды. Бұл баптау көшеттің өлшемін өзгертеді.

Бұрандалардағы (А) гайкаларды босатыңыз, диск бұрышын баптап, гайкаларды сипаттамаға сай бекемдеңіз.

### Сипаттама

Бұранда—Айналдыру  
моменті..... 240 Нм  
(175 фунт-фут)

**А—Гайка**



A35735 — UN—06SEP94

OUO6074,0000813 -KK-21MAY09-1/1

## Вакуум өлшеуішінің жұмыс істеу сипаттамалары

Жұмыс диапазоны (аралық зона) вакуум өлшеуішінің көзделген отырғызу тығыздығына (көлденең жолмен белгіленген) қатысты қалай әрекет ететінін көрсетеді.

Жұмыс диапазонының ені келесіге негізделіп өзгереді:

- Екпелердің әр түрлі өлшемдері мен пішіндері
- Егу жылдамдығының нұсқалары
- Алқап жағдайлары

Көп жағдайларда максималды егу жылдамдығынан асып кетсе, өлшегіш нақтылығы төмендемейді.

Максималды жылдамдық алқап жағдайларына байланысты өзгеруі мүмкін. Алқап кедір-бұдыр болған жағдайда екпе дән дискілерінен ұшып кетуі мүмкін және сошниктің ұрылуына апаруы ықтимал, ол өз кезегінде екпе орналасуына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін. Пневматикалық тежегіш күш сияқты тіркемелерді қосу арқылы алқаптың кедір-бұдыр болған жағдайында екпе орналасуын жақсартуға болады.

Екпенің таңдауға дұрыс дән дискісі таңдалғанын әрқашан тексеріп отырыңыз. Егер екпе өлшемі мен пішіні әдеттегіден өзгеше болса, өзге дәнге арналған диск жақсырақ жұмыс істеуі мүмкін. Осы бөлімдегі ДӘН ДИСКІСІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР тақырыбын қараңыз немесе John Deere™ делдалына жолығыңыз.

Егер дәндердің өлшемі мен пішіні бойынша өзгешеліктері үлкен болса, тегіс диск пен қос элиминатор толтырылуды жақсырақ қадағалай алады.

Дән дискісінің дұрыс қолданылуын тексеру үшін:

- Дәнді өлшеуішке орналастырыңыз
- Вакуумды шлангіні өлшеуіш қақпағына жалғаңыз
- Вакуумды дән үшін ұсынылған деңгейге дейін қосыңыз
- Әр ұяшыққа тек бір екпе (H) сыятынын тексеру үшін өлшегішті қолыңызбен бұраңыз


### ДӘН ТӨГІЛУІ = ЕКПЕ РЕТТЕЛУІ + ЕКПЕ ОРНАЛАСУЫ + АГРОНОМДЫҚ ФАКТОРЛАР

**Екпе реттелуі** = екпе таңдау + дән дискісін таңдау + вакуум деңгейі + алқап жағдайлары + қызмет көрсету

**Екпе орналасуы** = сошникке қызмет көрсету + жылдамдық + алқап жағдайлары + сепкіш тіркемелері + бақылау & баптау

**Агрономдық факторлар** = екпенің өніп шығуы + жер температурасы + ылғалдылық + құнарлы заттар + зиянкестермен күрес + ауа райы

0UO6045,0000706 -KK-16JUL10-1/1



Жұмыс істеу сипаттамалары



A—Вакуум өлшеуішінің жұмыс істеу сипаттамалары  
B—Тығыздық  
C—Жол жылдамдығы  
D—Мақсатты мөлшер

E—Мақсатты мөлшерден артық  
F—Мақсатты мөлшерден кем  
G—Максималды жылдамдық  
H—Ұяшық


A68173 —UN—14JUL10

A68174 —UN—14JUL10

## Өлшеуіш параметрлері

Дән және диск түрлері әртекті щетка мен қос элиминатордың орнатылуын қажет етеді. Келесі кестені, осы бөлімдегі ҚОС ЭЛИМИНАТОР ЖҰМЫСЫ немесе ВАКУУМ ӨЛШЕУІШІНІҢ ҚЫЛШАҒЫ тақырыптарын қараңыз.

John Deere тегіс дискілері ОӨЖ жүйесі үшін мақұлданбаған өлшем мен пішіндегі дәндердің кең ауқымын өлшейді. Pro-Series XP™ шағын сепкіш кеңейтімдері (А) ОӨЖ жүйесі үшін мақұлданбаған дақылдарды себуда көмек беру үшін қосалқы бөлшектер бөлімінде қол жетімді.



A60365 —UN—27JUN07

А—Шағын жинауыш  
кеңейтімі

| Дәнді дақыл                     | Диск                               | Жалғыз ойық қылшағы | Қос ойық қылшағы | Пайдаланылған қос элиминатор | Итеріп шығаратын доңғалақ |
|---------------------------------|------------------------------------|---------------------|------------------|------------------------------|---------------------------|
| Жүгері                          | Жүгері                             | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Жоқ                       |
| Жүгері                          | ProMax 40                          | Жоқ                 | Иә               | Иә <sup>а</sup>              | Иә                        |
| Тәтті жүгері                    | ProMax 40 немесе ұсақ тәтті жүгері | Жоқ                 | Иә               | Иә <sup>а</sup>              | Иә                        |
| Жүгері                          | Күнбағыс, жүгері немесе балжүгері  | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Жоқ                       |
| Май күнбағысы                   | Күнбағыс немесе жүгері             | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Жоқ                       |
| Тәтті күнбағыс                  | ProMax 40 немесе ұсақ тәтті жүгері | Жоқ                 | Иә               | Иә <sup>а</sup>              | Иә                        |
| Мақта                           | Бөлінген немесе еңіс жер мақтасы   | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Жоқ                       |
| Мақта                           | Үрме бұршақтың тегіс түрі          | Жоқ                 | Иә               | Иә <sup>б</sup>              | Иә                        |
| Соя бұршағы                     | Соя бұршағы немесе мақта           | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Жоқ                       |
| Балжүгері немесе қант қызылшасы | Балжүгері немесе қант қызылшасы    | Иә                  | Жоқ              | Жоқ                          | Иә                        |

<sup>а</sup>Қос элиминаторды пайдаланғанда А85131 тақтасын қолданыңыз.

<sup>б</sup>Қос элиминаторды пайдаланғанда А85715 тақтасын қолданыңыз.

Pro-Series XP - Deere & Company компаниясының сауда белгісі

OUO6045,0000708 -KK-14JUL10-1/1

## Вакуум өлшеуішіне өту

Резеңке тоғынды (А) ашып, өлшегіш есігін ашыңыз.

А—Резеңке скоба



A49693 —UN—03DEC02


OUO6045,00006D3 -KK-17APR09-1/1

### Дән дискісін алып тастау

1. Вакуум өлшеуішін ашыңыз. Осы бөлімдегі ВАКУУМ ӨЛШЕУІШІНЕ ӨТУ тақырыбын қараңыз.
2. Күпшек тұтқасын (B) дән дискісіндегі (A) ойықтармен тураланғанша бұраңыз.
3. Дән дискісін күпшектен тартыңыз.

A—Дән дискісі

B—Күпшек тұтқасы



A64538—UN—08APR09

OUO6045,000011F -KK-09APR09-1/1

## Қылшақты орнату


1. Вакуум өлшеуішін ашып, дән дискісін алып тастаңыз.
2. Бір қолыңызбен қылшақ ұстағышты (A) өлшеуіш корпусына қарсы мықтап ұстап, екінші қолыңызбен қылшақты ұстағыштан тартыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Қылшақты (C) өлшеуіш корпусының сыртына тиіп тұратындай етіп орнатыңыз.


3. Тиісті қылшақты орнатыңыз.
  - Жалғыз ойық қылшағын (B) қос элиминатор ПАЙДАЛАНЫЛМАЙ ТҰРҒАНДА орнатыңыз.
  - Қос ойық қылшағын (C) қос элиминатор ПАЙДАЛАНЫЛЫП ТҰРҒАНДА орнатыңыз.

A—Қылшақ ұстағышы  
B—Жалғыз ойық қылшағы


C—Қос ойық қылшағы



A53448 — UN — 05DEC03



A53449 — UN — 05DEC03



A53450 — UN — 05DEC03

OUG6045.00006D4 -KK-07JUN10-1/1

## Қос элиминатор жұмысы

**ЕСКЕРТУ:** Қос элиминаторды пайдаланғанда вакуум деңгейін шамамен 15-ке орнатыңыз және қос ойық қылшағын орнатыңыз. (Осы бөлімдегі "ВАКУУМ ӨЛШЕУІШІНІҢ ҚЫЛШАҒЫН АУЫСТЫРУ" мақаласын қараңыз.)

Дискіде 3 көрсеткіш таңбасы бар, дегенмен, оны диск ауқымындағы кез келген орынға орнатып, сол орында тұратын етіп бекітуге болады. Ортасында саңылаудың 1/2 жабылғанын көрсететін фиксатор бар.

**Кіші көрсеткіш белгісі:** Саңылаудың аз бөлігі жабылған.

**Орта көрсеткіш белгісі:** Саңылаудың жартысы жабылған. Фиксатор орны.


**Үлкен көрсеткіш белгісі:** Саңылаудың көп бөлігі жабылған.

### Қос элиминатор жұмысы жөніндегі кеңестер:

- Қалыпты жұмыс істеу позициясы - өлшегіш корпусындағы көрсеткімен тураланған орта көрсеткіш белгісі.  
Бұл - шамамен жартысы жабылған дән дискісінің саңылауы және ол екпе өлшемдері мен пішіндерінің көптеген түрлерінің жақсы реттелуін қамтамасыз етеді.  
Егер екпе реттелуінің өнімділігі үйлеспесе және вакуум деңгейін немесе егу жылдамдығын өзгерту арқылы жөндеуге келмесе, реттеуді кішірек көрсеткіш белгісіне (саңылау аз жабылған) немесе үлкен белгіге (саңылау көбірек жабылған) жылжыту қажет болуы мүмкін.
- Дән дискісі күпшегінің биіктігін баптау дұрыс жұмыс өнімділігі үшін аса маңызды. Дән дискісінің



Қос ойық қылшағы



Ысырмамен жабылған және қалыпты жұмыс күйі


күпшегін баптаңыз: дән дискісі өлшегіш корпусына болымсыз тиіп тұрсын. Күпшекті қолмен жылдам айналдырғанда дән дискісі шамамен 1 айналым жасайтын болса, демек, дұрыс баптауға қол жеткізілді.

Келесі бетте жалғасады


OUO6045,0000A0E -KK-08APR09-1/3

A60184—UN—06JUN07

A60109—UN—31MAY07



A60192 —UN—07JUN07



A60193 —UN—07JUN07

A—Тақта  
B—Фиксатор жинағы  
C—Иінді білік


- Егер қос элиминатор тақтасының (A) беті дән дискісіне тигеннен тым тозып кетсе, келесіні тексеріңіз:
  - a. Фиксатор жинағы (B) ұяшығына толығымен орныққан.
  - b. Қос иін (C) саңылауға толығымен орныққан.

*ЕСКЕРТУ: Бөлшектеу қажет болса, істікті басының астынан тартып алып тастаңыз. Істік пен ысырманы жинауды/бөлшектеуді ауыстырудың алдында орындау саны шектеулі.*

- Егер қос элиминаторды баптау қиынға соқса, келесіні орындаңыз:
  - a. Істікті (A) алып тастаңыз.
  - b. Қос элиминаторды бөлшектеңіз.
  - c. Қос элиминатор жинағын ұнтақталған графитпен майлаңыз.
  - d. Қос элиминаторды алып тастаған ретпен жинаңыз.
  - e. Дұрыс жұмысты қамтамасыз ету үшін, қос элиминаторды оның толық ауқымы арқылы жылжытыңыз.


#### Қос элиминатордың ұяшықты дискілермен жұмысы:

- Ұяшықты дискілерді пайдаланғанда, қос элиминаторды сақтау күйіне ысырыңыз.



A60198 —UN—07JUN07

A—Істік




A60180 —UN—06JUN07

Сақтау күйіне ысырылған, ұяшықты диск қолданысы

**Сақтау:**

- Қос элиминаторды сақтау күйінде босатулы қалдырыңыз.



Босатылған және сақтау күйінде

OUO6045,0000A0E -KK-08APR09-3/3


A60108 —UN—31MAY07

**ProMax 40, ұсақ тәтті жүгері немесе үрме бұршағы дискілеріне арналған қос элиминатор тақтасын орнату**

Қолжетімді қос элиминатор тақталары үшеу. ProMax 40 және ұсақ тәтті жүгері дискілері жанына ЖҮГЕРІ мөрленген сипаттары бар тақтаны пайдаланады. Тек үрме бұршақ дискісінің жанына бөлшек нөмірі мөрленген.

Қос элиминатор тақтасын төмендегідей орнатыңыз немесе ауыстырыңыз:

1. Резеңке тоғынды (A) ашып, өлшегіш есігін ашыңыз.
2. Дән дискісін алып тастаңыз.



A—Резеңке скоба


OUO6064,000016C -KK-08JUN10-1/3

A49693 —UN—03DEC02

3. Сатылы бұранданы (A) және бұрыннан бар тақтаны (B) алып тастаңыз. Сатылы бұранда мен бұрыннан бар тақтаны қайта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

A—Сатылы бұранда

B—Бұрыннан бар тақта



Келесі бетте жалғасады

OUO6064,000016C -KK-08JUN10-2/3

A67620 —UN—08JUN10

**ЕСКЕРТУ:** Үрме бұршақ тақтасы машинамен жеткізілмейді. John Deere™ дилері арқылы тапсырыс беріңіз.

4. Тақтаны (A) істік (B) үстіне орналастырыңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** Сатылы бұранда корпусқа қарсы толығымен бекітілгеніне көз жеткізіңіз.


5. Сатылы бұранданы (C) орнатыңыз. Сатылы бұранданы техникалық сипаттамаға сай бекемдеңіз.

#### Сипаттама

Қос элиминатор  
тақтасының сатылы  
бұрандасы—Айналдыр-  
у моменті..... 2 Н·м  
(20 фунт-дюйм)

6. Дән дискісін орнатыңыз.

7. Өлшегіш есігін жауып, ысырмамен жабыңыз.



A67621—UN—08JUN10

**A—Тақта, үрме бұршақ  
немесе жүгері**  
**B—Істік**

**C—Сатылы бұранда**

OUC6064,000016C -KK-08JUN10-3/3

## Дән дискісін таңдау бойынша нұсқаулықтар

**МАҢЫЗДЫ:** Дән дискісі жөніндегі бұл кеңестер әр түрлі қайнар көздерден алынған екпе сынағына негізделген. Себебі екпе өлшемі мен пішіні жылдан-жылға өзгеруде, сондықтан әрқашан балама дискінің жұмысы өнімдірек болуының ықтималдылығы болады. Сатылымда бар дән дискілері мен кеңестердің барынша толық әрі соңғы тізімін алу үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.

Келесі дән дискісі жөніндегі кеңестер әр дән дискісі үшін барынша оңтайлы жұмыс өнімділігі күтілетін екпе өлшемдерінің ауқымын көрсетеді. Екпені отырғызуға ең дұрыс келетін немесе отырғызылатын екпе өлшемдерінің көпшілігі үшін жарайтын дискіні таңдаңыз.

Егер өлшемдері бірнеше түрлі екпелер отырғызылып, екпелердің өлшемдері екі дән дискісінің қиыстырылған

аумақтарына түсіп кететін болса, дән дискісінің ЕКЕУІНІҢ ДЕ жұмыс өнімділігін жеке екпе пішініне оңтайландыруды тапсыру ұсынылады.

Дискінің тиісті қолданылуын анықтау үшін, екпе үлгісін дән дискісінің ұяшықтарына салыңыз. Егер ұяшыққа екі екпе қиындықсыз сыйып кетсе, кішірек дискіні қолдану керек. Егер бір екпе ұяшыққа толық сыймаса, үлкенірек дискіні қолдану керек. Белгілі екпе өлшемі үшін екі диск те дұрыс келсе, әрдайым кішірегін қолданыңыз. Бос кеткен орындардың (және ойқыш алқаптардың) орнын толтыру үшін, вакуумды көбейтіңіз. Қос екпелердің өтуіне жол бермеу мақсатында вакуумды азайтыңыз.

Сыртқы ауқымдары берілген екпе өлшемдері үшін басқа дөңдерге арналған дән дискілерін пайдалануға болады. Кез келген басқа дән дискісін ауыстырғандағыдай, алқаптағы орналасу мен аралықтарды әрдайым тексеру керек.

OUC6074,0000ECD -KK-14APR09-1/1

## Жұмыс өнімділігі оңтайлы болу үшін алқап дақылына дұрыс дән дискісін таңдау

| Дәннің дән дискісін таңдау бойынша нұсқаулық |                                   |                               |                  |                                             |                                                                                                                                           |
|----------------------------------------------|-----------------------------------|-------------------------------|------------------|---------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Екпе пішіні                                  | Екпе/кг<br>(Екпе/фунт)            | Диск атауы                    | Бөлшек<br>нөмірі | Ұяшықтар саны<br>(Саңылау диаметрі<br>[мм]) | Егер толтырылуды басқару қиынға соқса:                                                                                                    |
| Өртекті (аралас пішіндер)                    | Аралас өлшемдер (Аралас өлшемдер) | Қос элиминаторы бар ProMax 40 | A52391           | 40<br>(4.5)                                 | Егер бастапқы диск тым толып кеткен не толмаған болса, қос элиминаторды баптаңыз                                                          |
| Біртекті тегіс                               | 3308-ден кіші (1500)              | Қос элиминаторы бар ProMax 40 | A52391           | 40<br>(4.5)                                 | Егер бастапқы диск тым толып кеткен не толмаған болса, қос элиминаторды баптаңыз                                                          |
| Біртекті тегіс                               | 3308-6175 (1500-2800)             | Ұсақ жүгері дискісі           | A43215           | 30<br>(3.6)                                 | Бірінші, вакуумды баптаңыз. Егер мәселелер шешілмесе, вакуум деңгейінің кестесінде көрсетілген қиыстырылған дискіге ауысыңыз <sup>a</sup> |
| Біртекті тегіс                               | 6175-тен үлкен (2800)             | Күнбағыс және жүгері          | H136478          | 30<br>(2.6)                                 | Бірінші, вакуумды баптаңыз. Егер мәселелер шешілмесе, ұсақ дән дискісіне (A43215) ауысыңыз                                                |
| Біртекті доңғалақ                            | 3308-ден кіші (1500)              | Стандартты жүгері дискісі     | A50617           | 30<br>(3.6)                                 | Вакуумды баптаңыз                                                                                                                         |
| Біртекті доңғалақ                            | 3308-6175 (1500-2800)             | Ұсақ жүгері дискісі           | A43215           | 30<br>(3.6)                                 | Бірінші, вакуумды баптаңыз. Егер мәселелер шешілмесе, стандартты дән дискісіне (A50617) ауысыңыз                                          |
| Біртекті доңғалақ                            | 6175-тен үлкен (2800)             | Күнбағыс және жүгері          | H136478          | 30<br>(2.6)                                 | Бірінші, вакуумды баптаңыз. Егер мәселелер шешілмесе, ұсақ дән дискісіне (A43215) ауысыңыз                                                |

<sup>a</sup>3970 екпе/кг (1800 екпе/фунт) кем үлкенірек екпе өлшемдері үшін стандартты дән дискісіне (A50617) ауысыңыз. Егер толықтырылуды қадағалау мәселелері шешілмесе, қос элиминатормен ProMax 40 дискісіне (A52391) ауысыңыз. 5072 екпе/кг (2300 екпе/фунт) үлкен кішірек екпе өлшемдері үшін күнбағыс және жүгері дискісіне (H136478) ауысыңыз. Егер толықтырылуды қадағалау мәселелері шешілмесе, қос элиминатормен ProMax 40 дискісіне (A52391) ауысыңыз.

Ұсынылған дән дискісін анықтау үшін, бірінші, **Дәннің дән дискісін таңдау бойынша нұсқаулық** кестесін пайдаланыңыз, одан кейін вакуумның бастапқы параметрін вакуум деңгейінің кестесінен қараңыз.

Вакуумның дұрыс деңгейлері мен ұсақ дән не стандартты дән екпесінің (екпе ұяшықтары бар) дискілерін пайдаланса, дән екпесінің көбісін 100 пайызға жуық қажетті отырғызу тығыздығымен отырғызуға болады.

Секциялық дискілерді (ұсақ және стандартты дән екпесінің дискілері) пайдалану жұмыс өнімділігінің дұрыс болуы үшін екпені мұқият таңдауды талап етеді.


Өлшеу тиімділігі екпе өлшемінің тұрақтылығына тікелей байланысты. Пішіндері мен өлшемдері әр түрлі екпелердің секциялық дискілермен жұмысы оңтайлы болмайды. Екпелердің өлшемдері әр түрлі болғанда, екпенің оңтайлы реттелуі мен шығарылуы үшін қос элиминаторы бар ProMax 40 (A52391) дискісі қажет.

**ЕСКЕРТУ:** John Deere тегіс дискілерін пайдаланғанда итеріп шығаратын доңғалақ қажет.

Ұсақ дән дискісі (A43215) мен стандартты дән дискісін (A50617) жауып қалатын өлшемдегі екпелер үшін бастапқы орнатуда ұсақ дән дискісін таңдаңыз. Егер отырғызу тығыздығын қадағалау қиынға соқса, стандартты дән дискісіне ауысыңыз.

### ОТЫРҒЫЗЫЛУЫ ҚИЫН ЕКПЕЛЕР

- Отырғызылуы қиын екпелерге аралас өлшемді, аралас пішінді, өлшемдері мен пішіндері әр түрлі,



Қиыстырылған дән дискісінің кестесі

A—Ұсақ дәндер  
B—Ірі дәндер  
C—Дән өлшемі, дән/кг  
(дән/фунт)

D—Стандартты жүгері дискісі  
E—Ұсақ жүгері дискісі  
F—Күнбағыс және жүгері дискісі

ұзын әрі жіңішке, өскіндері үшкір екпелер (өскін) және т.б. жатады.

- ProMax 40 дискісі отырғызылуы қиын екпелердің реттелуін жақсарту үшін пайдаланылады. ProMax 40 дискісі секциялық дискілерге қарағанда вакуумның жоғарырақ деңгейін қажет етеді және әр өлшеуіш жинағында қос элиминатор мен итеріп шығаратын доңғалақтық орнатылуын талап етеді.
- ProMax 40 дискілерінің әр айналым үшін 40 саңылауы бар.

Механикалық өлшеуіштері бар машиналар:  
Алқаптық дақылды отырғызуға ProMax 40 дискісін пайдаланғанда, екпе берілісін ProMax 40 дискісін қолданатын дәннің мөлшерлер кестесіне сәйкес орнатыңыз.

Ауыспалы жылдамдық жетегі (VRD) бар машиналар: SeedStar™ мониторияндағы тізімнен ProMax 40 дән дискісін таңдаңыз. (SeedStar™ механик-жүргізуші нұсқаулығындағы "Екпе мөлшерлерін орнату" бөлімін қараңыз)

**МАҢЫЗДЫ: ProMax 40 дискілерін пайдаланғанда, берілісті орнату үшін секциялық жылдамдық кестелері пайдаланылған болса немесе мониторда ауыспалы жылдамдық жетегі үшін дән дискісі қате бағдарламаланған болса, отырғызу тығыздығы шамадан артық болып кетеді. Секциялық дискілердің 30 ұяшығы болады.**

- Сұрыпталған екпе де жұмыс өнімділігі оңтайлы болу үшін дән дискісінің дұрыс таңдалуын қажет етеді.

#### ЕҢІС ЖЕРЛЕРГЕ ДӘН ЕГУ

Еңіс жердің бұрышы немесе еңіс жерлерде бағытты өзгерту өлшеуіш жұмысының тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Егер машинаның сол жағы еңісте болса, екпелер дән дискісінен және дән дискісінің жанындағы кішірек екпе қоймасынан түсіп кететіндіктен, бос кетуі мүмкін. Егер машинаның оң жағы еңісте болса, екпелер дән дискісіне және дән дискісінің жанындағы үлкен екпе қоймасына қарай жиналатындықтан, отырғызу тығыздығы артып кетуі мүмкін. Еңіс жерлерде вакуум өлшеуішінің жұмыс өнімділігін арттыру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

*SeedStar - Deere & Company компаниясының сауда белгісі*

- Саңылаулары мүмкіндігінше азырақ дискіні пайдаланыңыз. Саңылаулардың аз болуы екпенің қос-қостан кету ықтималдылығын азайтады.
- Доңғалақ екпе пайдаланыңыз. Доңғалақ екпе секциялық дискінің ұяшығында жақсырақ тұрады және екпенің қос-қостан кету ықтималдылығын азайтады.

**МАҢЫЗДЫ: Алқаптық дақылды егуге ProMax 40 дискілері пайдаланылғанда механикалық берілісті дұрыс орнатыңыз немесе ауыспалы жылдамдық жетегін дұрыс бағдарламалаңыз. ProMax 40 дискілерін пайдаланғанда, берілісті орнату үшін секциялық жылдамдық кестелері пайдаланылған болса немесе мониторда ауыспалы жылдамдық жетегі үшін дән дискісі қате бағдарламаланған болса, отырғызу тығыздығы шамадан артық болып кетеді. Секциялық дискілердің 30 ұяшығы болады.**

- Егер доңғалақ екпе қолжетімді болмаса немесе еңіс тік болса, қос элиминаторы бар тегіс дискіні қолданыңыз. Тегіс дискінің екпе ұяшықтары жоқ және вакуумның жоғарырақ деңгейін, қос элиминаторды және итеріп шығаратын доңғалақты қажет етеді. Қос элиминаторды дән дискісіндегі жалғыз саңылауды жауып қалған екі екпенің бірін алып тастау үшін пайдаланады. Итеріп шығаратын доңғалақ дән дискісіндегі саңылаулардан қоқысты алып тастау үшін пайдаланылады.

OUO6074,0000ECE -KK-27JUL10-2/2

## Алқаптық дақылдан басқа дәндерге арналған дән дискілері жөніндегі кеңестер

John Deere тегіс дискілері ОӘЖ жүйесі үшін мақұлданбаған өлшем мен пішіндегі дәндердің кең ауқымын өлшейді. Pro-Series XP™ шағын сепкіш кеңейтімдері ОӘЖ жүйесі үшін мақұлданбаған дақылдарды себуге көмек беру үшін қосалқы бөлшектер бөлімінде қол жетімді.

### ТӨТТІ ЖҮГЕРІ

| Диск атауы        | Бөлім нөмірі | Екпе/кг | Екпе/ф-унт | Ұяшық-тар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|-------------------|--------------|---------|------------|----------------|-----------------------|
| ProMax 40         | A52391       | <8600   | <3900      | 40             | 4.5                   |
| Ұсақ төтті жүгері | A52390       | >7700   | >3500      | 40             | 3.75                  |

### ЖҮГЕРІ

| Диск атауы       | Бөлім нөмірі | Екпе/кг     | Екпе/ф-унт  | Ұяшық-тар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|------------------|--------------|-------------|-------------|----------------|-----------------------|
| Күнбағыс/ жүгері | H136478      | 5500 - 9900 | 2500 - 4500 | 30             | 2.6                   |
| Балжүгері        | A43066       | >9900       | >4500       | 45             | 1.5                   |

Отырғызылуы қиын екпелер үшін ұсақ төтті жүгері дискісін (№ A52390 бөлшек) пайдалану арқылы жұмыс өнімділігін арттыруға болады.

Кей жағдайларда екпе өлшемі мен пішініне байланысты ұсақ жүгері (№ A43215 бөлшек) немесе күнбағыс (№ H136478 бөлшек) секциялық дискісінің жұмыс өнімділігі қанағаттанарлық болуы мүмкін.

### ТӨТТІ КҮНБАҒЫС

| Диск атауы                                           | Бөлім нөмірі | Екпе/кг      | Екпе/ф-унт  | Ұяшық-тар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|------------------------------------------------------|--------------|--------------|-------------|----------------|-----------------------|
| Қос элиминаторы бар Pro-Max 40 дискісінің тегіс түрі | A52391       | 5000 - 7200  | 2250 - 3250 | 40             | 4.5                   |
| Қос элиминаторы бар ұсақ төтті дәннің жалпақ түрі    | A52390       | 7200 - 11600 | 3250 - 5250 | 40             | 3.75                  |

### МАЙ КҮНБАҒЫСЫ

|-------------------------|---------------|-----------------|-----------------|---------------|-----------------------|
| Төмен пайызды балжүгері | A43066        | 22 000 – 35 300 | 10 000 - 16 000 | 45            | 1.5                   |

Қос-қостан өтіп кететін өлшемі кішірек екпелердің жұмыс өнімділігін орташа қант қызылшасының дискісі (№ H136445 бөлшек) немесе ұсақ қант қызылшасының дискісі (№ A51712 бөлшек) жақсарта алады.

**ЖОҒАРЫ ПАЙЫЗДЫ БАЛЖҮГЕРІ**

| Диск атауы               | Бөлшек нөмірі | Екпе/кг         | Екпе/ф-унт      | Ұяшықтар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|--------------------------|---------------|-----------------|-----------------|---------------|-----------------------|
| Жоғары пайызды балжүгері | A52802        | 22 000 – 35 300 | 10 000 - 16 000 | 90            | 1.5                   |

**БІР ӨСКІННЕН ШЫҚҚАН ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАЛАРЫ**

| Диск атауы                      | Бөлшек нөмірі | Дән өлшемі     | Ұяшықтар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|---------------------------------|---------------|----------------|---------------|-----------------------|
| Ұсақ қант қызылшасы             | A51712        | 2,6–3,2 мм дән | 45            | 1.5                   |
| Ұсақ және орташа қант қызылшасы | H136445       | 3,0–3,6 мм дән | 45            | 1.5                   |
| Ірі қант қызылшасы              | A51713        | 3,4–4,0 мм дән | 45            | 1.6                   |

**ТҮЙІРШІКТЕЛГЕН ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ**

| Диск атауы                      | Бөлшек нөмірі | Дән өлшемі     | Ұяшықтар саны | Саңылау диаметрі (мм) |
|---------------------------------|---------------|----------------|---------------|-----------------------|
| Ұсақ және орташа қант қызылшасы | H136445       | 3,2–4,0 мм дән | 45            | 1.5                   |
| Ірі қант қызылшасы              | A51713        | 3,6–4,6 мм дән | 45            | 1.5                   |
| Балжүгері                       | A43066        | 3,6–4,6 мм дән | 45            | 1.5                   |

**БОС ДӘН ДИСКІСІ**

№ A52554 бөлшек

Бос дән дискісі айрықша екпе үшін арнайы саңылау өлшемдерін әдепкі бұрғылауға мүмкіндік береді. Қосымша жабдықтар алу үшін John Deere дилерімен хабарласыңыз.

OUO6064,000038C -KK-09FEB11-2/2

**ЕКПЕ АРАЛЫҒЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ**

Егілетін екпеге дұрыс дән дискісін таңдау - оңтайлы жұмыс өнімділігіндегі алғашқы қадам. Екпе аралығы да жер жағдайына, өлшегіш жылдамдығына және жолдағы жылдамдыққа байланысты.

**МАҢЫЗДЫ: Сошник ойқыш жолдардағы жылдамдықты өлшей алады: жоғарырақ өлшеу жылдамдықтарында және жоғарырақ жолдағы жылдамдықтарда, бірақ екпе аралығының өнімділігі азайтылған болуы тиіс. Механик-жүргізуші егу графигі мен оңтайлы аралыққа қол жеткізудің қайсысы маңыздырақ екенін анықтау керек.**

**ЖЕР ЖАҒДАЙЛАРЫ**

Егу барысында жер жағдайды неғұрлым ойқыш болса, екпе аралығы да соғұрлым әртекті болады. Оңтайлы аралыққа қол жеткізу үшін ойқыш жерлерде жылдамдықты азайтыңыз.

**ӨЛШЕУІШ ЖЫЛДАМДЫҒЫ**

Өлшеуіш жылдамдығы артқан сайын, екпелердің аралықтарын оңтайландырып өлшеу қиындай түседі. Отырғызу тығыздығы жоғарырақ болсын десеңіз, өлшеуіш жылдамдығын азайту үшін жолдағы жылдамдықты азайтыңыз.

**ЖОЛДАҒЫ ЖЫЛДАМДЫҚ**

Жолдағы жылдамдық жердегі екпе аралығының тиімділігіне әсер етеді. Жолдағы жылдамдық 8 км/сағ (5 миль/сағ) артқанда, екпе аралығының тиімділігі азая түседі.

OUO6074,0000ED1 -KK-14APR09-1/1

## ӨЛШЕУІШ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТЕКСЕРУ

**МАҢЫЗДЫ:** Дән дискісі таңдалғаннан кейін, өлшеу тиімділігінің деңгейін анықтау үшін екпе реттелуін өлшеуіште тексеру және қатар аралығын тексеру қажет. "Дөнді отырғызу тығыздығын тексеру" бөлімін қараңыз.

Дән дискісін таңдау жөніндегі бұл нұсқаулар әр түрлі қайнаркөздерден алынған екпе сынағына негізделген кеңестер болып табылады. Дән өлшемі мен пішіні жылдан-жылға өзгертін болғандықтан, әрқашан балама дискінің жұмысы өнімдірек болуының ықтималдылығы бар.

OUO6074,0000ED0 -KK-08APR09-1/1

## Трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын пайдалану

Жабдықтың жұмысына қатысты арнайы толық ақпаратты алу үшін әрқашан трактор механик-жүргізушісінің нұсқаулығын қараңыз.

Тракторға қатысты ақпарат John Deere тракторларын дайындықты, бекітуді және жұмыстық үрдістерді көрсетуге пайдаланады. Үрдістер жабдықта байланысты өзгеретіндіктен толық ақпаратты алу үшін трактордың МН пайдаланыңыз.



OUO1074,00014B5 -KK-12MAY09-1/1

TS190 —UN—17JAN89

## ОӨЖ желдеткіші және VacuMeter™ мотор (корпус) төгу талаптары

**МАҢЫЗДЫ:** ОӨЖ желдеткіші және VacuMeter™ корпусының төгу шлангісін (А) төмен қысымды төгу қосылымына шлангілерді қосудың АЛДЫНДА бекіту ҚАЖЕТ. Корпус төгу құбырының қысымы 172 кПа (1,72 бар) (25 фунт/дюйм<sup>2</sup>) төмен болуы қажет, әйтпесе желдеткіш моторы зақымдалуы мүмкін.

ОӨЖ желдеткішінде және VacuMeter™ құралында пайдаланылатын гидравликалық моторлар төменгі ағынды, жоғары қысымды моторлар болып табылады. Олар жабық орталық гидравликалық жүйесінде ғана жұмыс істеу үшін арналған. ОӨЖ желдеткішін немесе VacuMeter™ құралын ашық орталық жүйесіне қосу ұсынылмайды. Қосымша ақпарат алу үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.



Алдымен корпусының төгу құбырын жалғау

А—Мотор тығыздағышының (корпус) төгу шлангісі

OUO6074,0000984 -KK-12MAY09-1/1

A53393 —UN—25NOV03

## VacuMeter™ гидравликалық моторы және құбылмалы мөлшер жетегін қайтару муфтасы

Барлық машиналар құбылмалы мөлшер жетегі және вакуумды моторының қайтару шлангілеріндегі арнайы қайтару муфтасымен жабдықталған.

Қайтару муфтасы мотордың артқа бұрылу мүмкіндігін болдырмау үшін тексеру клапандарымен жабдықталған.

Гидравликалық моторларды өшірген кезде қысымды босатыңыз. ТБК желдеткішін “Қалқу” күйіне орнатыңыз және моторлардың біртіндеп тоқтауына мүмкіндік беріңіз.



OUO6074,0000984 -KK-22MAY09-1/1

A53457 —UN—02MAR04

## Гидравликалық жүйені тексеру


**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Қысыммен шығып жатқан сұйықтық теріге еніп, қатты зақым тигізуі мүмкін.

Бұл қауіпті болдырмау үшін гидравликалық не басқа желілерді ажырату алдында қысымды босатыңыз. Қысымды қолдану алдында барлық қосылымдарды бекемдеңіз.

Картон бөлігімен кемулерді іздеңіз. Жоғары қысымды сұйықтықтардан қолдарыңызды және денеңізді қорғаңыз.

Апат орын алса, дереу дәрігерге барыңыз. Теріге енген кез келген сұйықтықты бірнеше сағат ішінде шығару керек, әйтпесе гангрена пайда болуы мүмкін. Зақымның осы түрімен таныс емес дәрігерлер, хабары бар медициналық көзден анықтама алуы керек. Мұндай ақпаратты АҚШ, Иллинойс, Молин қаласындағы Deere & Company медициналық бөлімінен алуға болады.

Гидравликалық шлангілер физикалық залал, ілмек, уақыт өтуінен және сыртқы



әсерден істен шығуы мүмкін. Шлангтарды жиі тексеріп тұрыңыз. Зақымдалған шлангілерді ауыстырыңыз.

Жүйеге қысымды қосқаннан кейін барлық гидравликалық қосылымдар мен шлангілердің кемуін тексеріңіз.

X9811 — UN—23AUG88

OUO6074,000080D -KK-21MAY09-1/1

## Ескерту шамының сымын бекіту

*ЕСКЕРТУ:* 7 істікті қосқышты жалғау алдында істіктер мен қосқыштардың таза әрі жақсы жағдайда екенін тексеріңіз.

*ЕСКЕРТУ:* Сымның орналасуы тракторға байланысты әртүрлі болады.

Шам сымын 7 істікті қосқышқа бекітіңіз.



RW20845 — UN—07MAY92

OUO1074,0000042 -KK-04JUN09-1/1


## SeedStar™ мониториның сымын қосу

*ЕСКЕРТУ:* Сымның орналасуы тракторға байланысты әртүрлі болады.

SeedStar™ монитор сымын (A) қосқышқа (B) жалғаңыз.

A—Монитор сымы

B—Қосқыш



A47096 — UN—02FEB01


OUO6064,00000B5 -KK-28APR10-1/1

### Жақтауды басқару сымын жалғау

*ЕСКЕРТУ:* Сымның орналасуы тракторға байланысты әртүрлі болады.

Жақтауды басқару сымын (А) жалғаңыз.

А—Жақтауды басқару сымы



A52382 —UN—02JUL03


OUO6074,0000987 -KK-22MAY09-1/1

### AMS және компрессор қуат сымын жалғау

AMS және компрессор қуат сымын (А) аспа құрал сымына (В) жалғаңыз.

А—AMS және компрессор  
қуат сымы

В—Аспа құрал сымы



A68082 —UN—08JUL10

OUO6064,00001FD -KK-13JUL10-1/1

## Гидравликалық қосылымдар ұсыныстары

A64361 —UN—11MAR09

A64362 —UN—11MAR09

Кеңейту және қысқарту таңбалары ТБК жабынында берілген.

Арнайы гидравликалық жұмыс мәліметтері үшін трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Корпустың ағызу шлангісі қандай да бір шланг қосылғанға дейін бекітілуі ТИІС.**



Таңбаны кеңейту



Таңбаны қысқарту

| Шланг қосылымдары - Бүгілмеген көмекші машиналар <sup>a</sup>                     |             |                     |                            | Функция параметрлері<br>John Deere тракторлары үшін |                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-------------|---------------------|----------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Шлангіні анықтау                                                                  | ТБК         | Қысым               | Оралу                      | Ағым                                                | Бекітілген (Уақыт)                                                       |
| Жақтау функциялары және ОӨЖ жүйесі (жабдықталған болса)                           | I           | Ұзарту              | Қысқарту                   | 10 максималды                                       | Тұрақты "С" ОӨЖ деңгейі ОӨЖ клапанымен басқарылады                       |
| Тәуелсіз маркерлер/Бүгу (жабдықталған болса)                                      | II          | Ұзарту              | Қысқарту                   | 5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз               | Толық кеңейту және қысқарту үшін 10 секунд немесе одан да аз уақыт керек |
| Вакуум жүйесі (Бөлек ТБК жалғанған және ағымды басқару клапандарымен басқарылады) | III және IV | Қысқарту            | Ұзарту                     | 10 максималды                                       | Тұрақты "С"                                                              |
| Вакуум жүйесі (Қосымша қуатқа жалғанған және бір қатардағы клапанмен басқарылады) |             | Қосымша қуат қысымы | Қосымша қуаттың қайтарылуы |                                                     |                                                                          |
| Жүктемені сезу қызметі бар қосымша қуаттағы құбылмалы мөлшер жетегі               |             | Қосымша қуат қысымы | Қосымша қуаттың қайтарылуы |                                                     |                                                                          |

<sup>a</sup>Корпустың ағызу шлангісі қандай да бір шланг қосылғанға дейін бекітілуі ТИІС.

| Шланг қосылымдары - Бүгілген көмекші жабдықталған машиналар <sup>a</sup>          |           |                     |                            | Функция параметрлері<br>John Deere тракторлары үшін |                                                                          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------|---------------------|----------------------------|-----------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Шлангіні анықтау                                                                  | ТБК       | Қысым               | Оралу                      | Ағым                                                | Бекітілген (Уақыт)                                                       |
| Жақтау функциялары және ОӨЖ жүйесі (жабдықталған болса)                           | I         | Ұзарту              | Қысқарту                   | 10 максималды                                       | Тұрақты "С" ОӨЖ деңгейі ОӨЖ клапанымен басқарылады                       |
| Тәуелсіз маркерлер/Бүгу (жабдықталған болса)                                      | II        | Ұзарту              | Қысқарту                   | 5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз               | Толық кеңейту және қысқарту үшін 10 секунд немесе одан да аз уақыт керек |
| Тіл                                                                               | III       | Ұзарту              | Қысқарту                   | 5-те бастаңыз және қажетінше баптаңыз               | 0                                                                        |
| Вакуум жүйесі (Бөлек ТБК жалғанған және ағымды басқару клапандарымен басқарылады) | IV және V | Қысқарту            | Ұзарту                     | 10 максималды                                       | Тұрақты "С"                                                              |
| Вакуум жүйесі (Қосымша қуатқа жалғанған және бір қатардағы клапанмен басқарылады) |           | Қосымша қуат қысымы | Қосымша қуаттың қайтарылуы |                                                     |                                                                          |
| Жүктемені сезу қызметі бар қосымша қуаттағы құбылмалы мөлшер жетегі               |           | Қосымша қуат қысымы | Қосымша қуаттың қайтарылуы |                                                     |                                                                          |

<sup>a</sup>Корпустың ағызу шлангісі қандай да бір шланг қосылғанға дейін бекітілуі ТИІС.

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Гидравликалық шлангілер физикалық залал, ілмек, уақыт өтуінен

және сыртқы әсерден істен шығуы мүмкін. Шлангтарды жиі тексеріп тұрыңыз. Зақымдалған шлангілерді ауыстырыңыз.

Келесі бетте жалғасады

OUO6064,00000D3 -KK-21JAN11-1/2

**МАҢЫЗДЫ:** Арнайы ұшы бар вакуум және құбылмалы мөлшер жетегінің ҚАЙТАРУ шлангілері трактордың КЕҢЕЙТУ портына жалғануы ТИІС. Қысым тісінің зақымдалуын болдырмаңыз; ТБК иінтірегін “Қалқу” күйіне орнату арқылы вакуум моторын және құбылмалы мөлшер жетегін өшіріңіз.

ОӨЖ басқару клапаны ОӨЖ багының қысымын басқару үшін пайдаланылады.

SeedStar™ жүйесі құбылмалы мөлшер жетегін басқару үшін пайдаланылады.

OUC6064,00000D3 -KK-21JAN11-2/2

## Теңгеру ілгегі түтігі


Жұмыс уақытында ілгек түтігінің (А) және себу құрылғысының жақтауларының (В) жерге параллельді болғандығын тексеріп отырыңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** Егер тракторда IV санатты тарту құралы болса, ол сепкіштегі IV санатты тарту сақинасымен пайдаланылуы тиіс. Егер тракторда V санатты тарту құралы болса, ол аспа құралдағы V санатты тарту сақинасымен пайдаланылуы тиіс. (ТИІСТІ ТАРТУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ТАРТУ САҚИНАСЫН ОРНАТУ мақаласын оқыңыз.)


**ЕСКЕРТУ:** Баптаулар алқап жағдайында орындалған кезде дәлірек болады.

**ЕСКЕРТУ:** Машинаның орталық жақтауы қанаттардан жоғарырақ немесе төменірек болса гидравликалық көтеру жүйесінің фазасын ауыстырыңыз. Фазаны ауыстыру үшін машинаны көтеріңіз және ТБК иінтірегін бірнеше секунд ұстап тұрыңыз. Қайта фазалаудан кейін машинадағы орталық жақтау қанаттардан көмен болса қызмет көрсету бөліміндегі НЕГІЗГІ ЖАҚТАУДЫҢ БИІКТІГІН БАПТАУ мақаласын оқыңыз.

1. Бапталатын төменгі күш жүйесін нөлдік қысымға орнатыңыз.
2. Машинаны жерге түсіріңіз.



А—Ілгек түтігі



В—Себу құрылғысының жақтауы


A68031 —UN—02JUL10

A50703 —UN—16OCT02

OUC6064,00001CC -KK-17MAY11-1/4

3. Тарту құралының ілгек цилиндрін (А) толығымен қысқартыңыз.
4. Машинаны көтеріңіз және төмендетіңіз.
5. Ілгек түтігінің жерге параллельді болғандығын тексеріңіз. Ілгек параллель болмаса, қалған қадамдарды орындаңыз.

А—Тарту құралының ілгек цилиндрі



Келесі бетте жалғасады

OUC6064,00001CC -KK-17MAY11-2/4

A68033 —UN—02JUL10

6. Сепкішті тұрақ күйіне орнатып, Сепкішті ажырату бөлімін қараңыз. Тарту сақинасын трактордан ажыратыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Жеңіл-желпі баптаулар үшін тарту сақинасын аударыңыз. Ірі баптаулар үшін тарту сақинасын жаңа тесікке жылжытыңыз.

7. Ілгек тракторға қайта жалғанған кезде жерге параллельді болатындай етіп тарту сақинасын (А) қайта орналастырыңыз.


**МАҢЫЗДЫ:** Айналдыру моментінің дәл мәндеріне қол жеткізу үшін бұрандалар жүктің ілгекке орналасуынан бұрын бекемделуі қажет.

8. Тарту сақинасының бұрандаларын (В) сипаттамаға сай бекемдеңіз.

**Бұрандалар—Сипаттама**

Тарту сақинасы—Айналдыру моменті..... 1150 Н·м  
(850 фунт-фут)

9. Тракторды тарту құралына тіркеңіз, сепкішті жайыңыз және себу күйіне орнатыңыз, тарту құралының цилиндрлерін толығымен қысқартыңыз.



А—Тарту сақинасы

В—Бұрандалар, тарту сақинасы

10. Ілгек түтігінің қалған ұзындығы жерге параллельді болғандығына көз жеткізіңіз. Егер ілгек параллельді болмаса қайта орналастырыңыз және ілгек түтігі параллельді болғанша тарту сақинасын бекітіңіз.

OUC6064,00001CC -KK-17MAY11-3/4


A71341—UN—25APR11

11. Жұмыс уақытында ілгек түтігінің (А) және себу құрылғысының жақтауларының (В) жерге параллельді болғандығын тексеріп отырыңыз.

Машинаның ортаңғы жақтауы жұмыс барысында қанаттардан жоғарырақ немесе төменірек болса, гидравликалық көтеру жүйесінің фазасын ауыстырыңыз.

А—Параллельді тұтқалар

В—Себу құрылғысының жақтаулары




OUC6064,00001CC -KK-17MAY11-4/4

A68213—UN—16JUL10

### Пневматикалық төменгі күш жүйесінің қысымын босату

*ЕСКЕРТУ:* Ауа қоймасының орналасуы мен бағытталуы сепкіштің үлгісіне байланысты әртүрлі болады. Рәсім барлық үлгілер үшін сәйкес.

1. Сепкішті себу күйіне төмендетіңіз.
2. SeedStar мониторында, төменгі күш қысымын 11 кг (25 фунт) дейін азайтыңыз. (Тиісті үрдісті SeedStar™ 2 немесе SeedStar™ XP мониторының механик-жүргізуші нұсқаулығында қараңыз.)
3. Тұтқа (А) көрсетілген күйде екеніне көз жеткізіңіз.
4. Төгу клапанын (В) ашу арқылы қойманың ауа қысымын босатыңыз.



А—Тұтқа

В—Төгу клапаны


OUO6064,000037B -KK-08FEB11-1/1

A70681—UN—08FEB11

### Машинаны ажырату

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Ілгек істігі алынған кезде тіл жоғары қарай көтерілуі мүмкін. **ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН,** істікті алудың алдында әрқашан машинаны бүгіңіз және ілгектегі жүктемені шығарыңыз.

1. Машинаны бүгіңіз. ("Машинаны басқару" бөлімінде "СЕПКІШТЕРДІ ЖАЮ ЖӘНЕ БҮГУ" мақаласын қараңыз.)
2. U кронштейнін (В) қанаттың ысырма тақталары арасында көрсетілгендей орнатыңыз және істіктермен (А) бекітіңіз.
3. Цилиндрдің қызметтік құлыптарын негізгі жақтаудың доңғалақтарына орнатыңыз.
4. Машинаны қызметтік құлыптарға төмендетіңіз.
5. Қанат доңғалақтарын олар жерге тимегенше және мойын тарту құралынан жоғары көтерілмегенше төмендетіңіз.
6. Қауіпсіздік шынжырын және ілгек істігін алыңыз.
7. Барлық шлангілер мен сымдарды алыңыз.



А—Істіктер

В—U кронштейні

OUO6064,000037C -KK-03FEB11-1/1

A67353—UN—28JUN10

## ОӨЖ дөң жеткізу жұмысы


Дөң өңдеулері, алқап жағдайлары, ылғалдылық және дөң өлшемінің дөңді барлық қатарларға жеткізу үшін қажет желдеткіш қысымдарын өзгертуі. Дөңді майлау үшін БАРЛЫҚ дақылдарды талькпен және графитпен майлау қажет. Бітелуді болдырмау үшін химиялық заттармен өңделген дөңдер екі немесе үш есе артық майлау мөлшерін қажет етуі мүмкін. Дақылдарды ауыстырған кезде алқап жағдайларына баптаудан бұрын осы бөлімдегі ОӨЖ ДӨН ЖЕТКІЗУ БАҒЫНЫҢ ҚЫСЫМЫН БАПТАУ мақаласында табылатын бастапқы параметрді пайдаланыңыз.

Жалпы, бұл жүйе дөңді барлық қатар бөлімдеріне жеткізу үшін мүмкін болатын ең төмен қысым параметрін қолданған кезде ең жақсы жұмыс істейді.

Балжүгері сияқты дөңнің кейбір жеңіл салмақты түрлерін түтікшелер оңай көтереді. Түтікше ендірмелері түтікшелердің үстінде ақырын ашылуды болдырмау үшін, көтерілген дөң мөлшерін шектеу үшін орнатылған. Түтікше ендірмелері жеңіл дөңдердің оптималды жылдамдықта және орынды қысымда ағуына мүмкіндік береді және барлық қатарларға дөңді сенімді жеткізеді.

**МАҢЫЗДЫ: Гидравликалық мотор мен бак қақпағының зақымдалуын болдырмаңыз. Бак қысымын 24 дюймнан АСЫРМАҢЫЗ.**

Аз уақыт болатын (5—20 секунд) тығыздықтың кездейсоқ төмендеулері дөң ағынын дұрыс орындамай тұрғандығын көрсетуі мүмкін.



A—Жеткізу шлангісі

Жүйені баптаудың алдында өлшеуіштер мен вакуум жүйесінің дұрыс жұмыс істейтіндігіне көз жеткізіңіз.

2 дюйм артуларында тығыздықтың кездейсоқ төмендеулері тоқтағанша қысымды арттырыңыз.

Егер монитор “Қатар бұзылды” ескертуін көрсетсе, алдымен бұзылудың кептелу не бітелу нәтижесінде орын алғандығын анықтаңыз.

**Түтікшенің кептелуін және дөң жеткізу шлангісінің бітелуін түзету:**

Қызмет көрсету бөліміндегі КЕПТЕЛГЕН ЖӨНЕ БҰҒАТТАЛҒАН ОӨЖ ЖҮЙЕСІ мақаласын оқыңыз.

OUO6074.0000C4C -KK-31MAY11-1/1

A53379—UN—20NOV03

## Бактың толу шамдарын басқару—Қосымша

**МАҢЫЗДЫ:** Толу шамдарының жұмыс істеуі үшін үшін трактордың алқап шамдары қосулы болуы қажет.

**МАҢЫЗДЫ:** Алқап немесе толу шамдары қосулы кезде ешқашан тасымалдамаңыз.

Алқап шамдары қосулы тракторда толу шамдары (А) толу шамдары қосқышында (В) басқарылады.

А—Толу шамдары

В—Толу шамы қосқышы



A53001—UN—03OCT03

OUC6074,0000B21 -KK-25MAR09-1/1


## Бак қақпақтарын басқару

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.


Ашу үшін, қақпақты сағат тіліне қарсы бұраңыз. Қақпақты жабу үшін тұтқаны (А) жолақпен (В) тізіңіз және сағат тілі бағытымен бұрыңыз.

А—Тұтқа

В—Жолақ



A53374—UN—20NOV03



A53375—UN—20NOV03

OUC6074,0000B22 -KK-26MAR04-1/1

## Бак деңгейінің датчиктері


**МАҢЫЗДЫ:** ОӨЖ бактарын толтырудың алдында бак деңгейі датчиктерін тазалаңыз. Дән деңгейі датчигін тазалау үшін “қылшақты” қолданыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Бак деңгейі датчигі зауытта ең төменгі параметрге орнатылған. Ертөрек ескертуді алу үшін датчик кронштейнде жоғары жылжытылуы мүмкін.


Бак деңгейінің датчиктері (А) оптикалық датчиктер болып табылады. Датчик бакта көрсетілген кезде жақтауды басқару пультіндегі бак бос ескерту шамы (В) пайда болады.

А—Бак деңгейінің датчигі

В—Бак бос ескерту шамы



A49868 — UN—12AUG02



A53315 — UN—12NOV03

OUO6074,0000B23 -KK-26MAR04-1/1

## Дәндерді жеткізу бактарын толтыру

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Машинаны жолдарда тасымалдаған кезде бактар бос болуы тиіс.

ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітелуі мүмкін.

Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.


**МАҢЫЗДЫ:** Бак толуларының арасындағы дән өңдеулерінің немесе тальктің жиналып қалуын тазалаңыз.

Дәнді қоқыстан алшақ сақтаңыз. Қоқыс түтікшелердің бұғатталуына әкеліп соғуы мүмкін. Қосымша толу экранына қол жетімді, John Deere дилерімен хабарласыңыз.

Дән бактарын толтырудан бұрын дән деңгейі датчигін тазалаңыз

Жаңа бакты пайдаланудың ең алғашқы кезінде үйілген бак ішінің түбіне тальктің жұқа қабатын жағыңыз. Үш есе көп тальк немесе графит мөлшерін үйілген қоймада орналасқан дәннің бірінші екі немесе үш бушелімен араластырыңыз (Мөлшер кестелері және баптаулар механик жүргізуші нұсқаулығындағы ТАЛЫК МАЙЫН ҚОЛДАНУ бөлімін қараңыз). Ол дән қаптауларының жиналуына қарсы көмек ретінде ОӨЖ жүйесінің ішін және шлангілерді қорғаушы тальк қабатымен қаптайды.

Бактағы жеткізу шлангілерінің бітелуін болдырмаңыз. Бак араластырушылары машина төмендетілген және трактор кілті қосулы болғанда қосылуы мүмкін. Араластырушының желдеткіш ауа ағынысыз жұмыс істеуі дәннің кейбір түрлерінің бактағы шлангілерде бітелуін әкеліп соғады. Егер машина бактағы



A34471



A34471 —UN—11OCT88

A49921 —UN—20AUG02

дәндермен ұзақ уақытқа төмендетілген болса, трактор кілтің өшіріңіз немесе араластырушыны ажыратыңыз.

Вакуум өлшеуішін басқару бөліміндегі ТАЛЫК МАЙЫН ПАЙДАЛАНУ мақаласын оқыңыз.

Ең жақсы жұмыс үшін, ұштарды орналастырған кезде бактарда қалған дән мөлшерін азайту үшін толтырудан кейін бактарда дәнді тегістеңіз. Бактар толы кезде және бак деңгейі төмен датчигінің ескерту шамы жанған кезде ені 203 мм (8 дюйм), 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты қылшақты пайдалануды ұсыныңыз.

Жүйе қосылған кезде жеткізу қатарларының бітелуін болдырмау үшін толтырудан кейін қақпақтарды мықтап жабыңыз.

LD45720,00001AE -KK-31MAR09-1/1

## ОӨЖ бактарындағы дәндерді теңгеру

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ:** ОӨЖ желдеткіші қосулы кезде қақпақтарды ашпаңыз. Қақпақтар және зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.

Жабыны дән дәрілерінен болған бөлшектермен жұмыс істегенде, химиялық заттарды өндіруші нұсқаған сақтық шараларын орындаңыз. Теріні, көзді және тыныс алу жолдарын дұрыс қорғаңыз.

Қатар бөлімі, төмен деңгей ескертуі пайда болған кезде немесе бак деңгейі төмен датчик шамы жанған кезде дәнді ОӨЖ бактарына тегіс тарату үшін ені 203 мм (8 дюйм), 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты қылшақты пайдаланыңыз. Сондай-ақ бұл қылшақты ОӨЖ бактарын толтырудан кейін теңгеру үшін және кейде бак деңгейі датчигін тазалап отыру үшін пайдаланыңыз.

OUC6074,0000B25 -KK-26MAR04-1/1

## Тұқым себетін қатар бөлімі жинауыштарын толтыру

 **САҚ БОЛЫҢЫЗ:** Бак қақпақтары орнатылмаған болса ОӨЖ желдеткішін басқармаңыз. Зиянды химиялық заттар бетке ұшуы мүмкін және дән қатарлары бітеледі.

ОӨЖ желдеткіші қосылып, қатар бөлімдерін толтыра бастағанша машинаны төмендетіңіз. Қатар бөлімі жинауыштары жұмыс деңгейінде әдетте 30 секундтан аз болады, ірі дәндер және кең сепкіштер бұл уақытты 2 минутқа дейін созуы мүмкін.

OUO6074,0000B26 -KK-26MAR04-1/1

## DB120 үлгісінен басқа барлық машиналарда ОӨЖ багының қысымын орнату

Бак қысымын орнату үшін келесіні орындаңыз:

1. Бактың қақпақтарының жабық болғандығына көз жеткізіңіз.

**МАҢЫЗДЫ: Вакуумды желдеткіштерін (жабдықталған болса) қосу арқылы майды жылытыңыз немесе трактордың механик-жүргізуші нұсқаулығы арқылы ТБК шланг ілгішін орнатыңыз. ОӨЖ желдеткішін майды жылыту үшін ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ, дән жеткізу шлангілері бітелуі мүмкін.**

2. Трактор майын 15 минут бойына жылытыңыз.
3. Машинаны төмендетіңіз, ТБК тұрақты қысқартуды фиксациялау күйінде қалдырыңыз.
4. Ағынды басқару клапанын (А) дән жинауышқа аға бастағанша сағат тіліне қарсы ашыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ әйтпесе гидравликалық мотордың және дән багы қақпақтарының зақымдалуы мүмкін.**

*ЕСКЕРТУ: Себу кезінде немесе қатар бөлімдері бос кезде төменірек ескертулер жасалынған болса бак қысымын 2 дюймға, өлшеуіштер толық болғанша арттырыңыз.*

5. Қатар жинауыштары толы және машина тұрған кезде қысымды төмендегідей баптаңыз:



А—Ағынды басқару клапаны

| DB44                                                                             |                    |                          |                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------------|--------------------------------------------------------|
| Өнім                                                                             | Су дюймдары қысымы | Түтікше өндірімесі қажет | Ұсақ дәнді шығару бүгілмелі құбыры (тек вакуумды ғана) |
| Соя бұршағы                                                                      | 12                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 4400 дән/кг өлшемінен (2000 дән/фунттан көп) көп ұсақ екпе                       | 10                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 4400 - 2640 дән/кг (2000 және 1200 дән/фунт аралығында) аралығындағы орташа екпе | 12                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 2640 дән/кг өлшемінен (1200 дән/фунттан аз) аз ірі екпе                          | 14                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| Мақта                                                                            | 10                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| Балжүгері                                                                        | 8                  | Иә                       | Иә                                                     |
| Күнбағыстар                                                                      | 6                  | Жоқ                      | Жоқ                                                    |

| DB60 және DB66                                                                   |                    |                          |                                                        | DB80, DB88 және DB90                                                             |                    |                          |                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------------|--------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------------|--------------------------------------------------------|
| Өнім                                                                             | Су дюймдары қысымы | Түтікше ендірімесі қажет | Ұсақ дөңді шығару бүгілмелі құбыры (тек вакуумды ғана) | Өнім                                                                             | Су дюймдары қысымы | Түтікше ендірімесі қажет | Ұсақ дөңді шығару бүгілмелі құбыры (тек вакуумды ғана) |
| Соя бұршағы                                                                      | 14                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    | Соя бұршағы                                                                      | 16                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 4400 дән/кг өлшемінен (2000 дән/фунттан көп) көп ұсақ екпе                       | 12                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    | 4400 дән/кг өлшемінен (2000 дән/фунттан көп) көп ұсақ екпе                       | 14                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 4400 - 2640 дән/кг (2000 және 1200 дән/фунт аралығында) аралығындағы орташа екпе | 14                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    | 4400 - 2640 дән/кг (2000 және 1200 дән/фунт аралығында) аралығындағы орташа екпе | 16                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| 2640 дән/кг өлшемінен (1200 дән/фунттан аз) аз ірі екпе                          | 16                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    | 2640 дән/кг өлшемінен (1200 дән/фунттан аз) аз ірі екпе                          | 18                 | Жоқ                      | Жоқ                                                    |
| Мақта                                                                            | 12                 | Иә                       | Қосымша                                                | Мақта                                                                            | 12                 | Иә                       | Қосымша                                                |
| Балжүгері                                                                        | 10                 | Иә                       | Иә                                                     | Балжүгері                                                                        | 10                 | Иә                       | Иә                                                     |
| Күнбағыстар                                                                      | 6                  | Жоқ                      | Жоқ                                                    | Күнбағыстар                                                                      | 8                  | Жоқ                      | Жоқ                                                    |

WP29706,0000383 -KK-01JUN12-2/2

### ОӨЖ жүйесін басқару—Ауыр өңделген дән немесе ірі дән жүгерісі

**МАҢЫЗДЫ:** Бактарды толтыру барысында тальк немесе графит жақсылап араластырылуы тиіс.

**МАҢЫЗДЫ:** Дәннің немесе тальктің барлық өңделу жиналуларын 1372 мм (4,5 фут)

**тұтқасы бар, өні 203 мм (8 дюйм) қатты кең қылшақпен алыңыз.**

**ВАКУУМ ӨЛШЕУІШТЕРІ:** Ауыр өңделген дән немесе ірі дән жүгерісімен ОӨЖ жүйесін басқарған кезде тальк мөлшерін ЕКІ ЕСЕ АРТТЫРЫҢЫЗ. Вакуум өлшеуішін басқару бөліміндегі ДӨНДІ ӨНДЕУ ҰСЫНЫСТАРЫ мақаласын оқыңыз.

LD45720,00001AF -KK-31MAR09-1/1

## Балжүгеріні және кішкентай жүгеріні сепкен кезде ОӨЖ жүйесін басқару

**МАҢЫЗДЫ:** Дөңі ірірек түсімге ауысудың алдында түтікше ендірмелерін (А) алыңыз. Ірірек дөң түтікше ендірмелері орнатылған бактардан шықпайды. Бактар кейін төгілуі тиіс, түтікше ендірмелері алынып, қайта толтырылуы тиіс.

*ЕСКЕРТУ:* Түтікше балжүгері үшін ұсынылады.

*ЕСКЕРТУ:* Өлшемдері ерекше кішкентай мақта дөңдері түтікше ендірмелерін және шығару бүгілмелі құбырын қажет етуі мүмкін.

1. Бакты толтырмастан бұрын, барлық түтікшелерге түтікше ендірмелерін (А) орнатыңыз.


*ЕСКЕРТУ:* Бүгілмелі құбырларды ауыстыру кішкене жүгері үшін қосымша болып табылады.

2. Кішкентай тесіктері бар бүгілмелі құбырды (В) шағын жинауыштан алыңыз.
3. Ойықты тесіктері бар бүгілмелі құбырды (С) шағын жинауыштарға орнатыңыз.



А—Түтікше ендірмелері  
(А73214)

В—Бүгілмелі құбыр (А75164)

С—Бүгілмелі құбыр  
(Балжүгері) (А75165)



Түтікше ендірмелері



Бүгілмелі құбыр - Балжүгері

A50710 —UN—17OCT02

A60389 —UN—02JUL07

A51048 —UN—08NOV02

OUC6074.0000B2A -KK-17MAY11-1/1

## ОӨЖ жүйесін стандартты өлшемді дәндерді себу кезінде басқару

1. Қақпақтарды (A) алып тастаңыз. Ірі дәндер жабындар орнатылған кезде бактардан шықпайды.
2. Қара шығару бүгілмелі құбырын (кішкентай тесіктері бар) (B) жалғыз ауызды бүгілмелі құбырлары бар қатарларға (C) орнатыңыз.
3. **36 қатарлы немесе үлкенірек машиналар ғана:** Сұр шығару бүгілмелі құбырын (кішкентай тесіктері бар) (D) бөлгіш ауызды бүгілмелі құбырлардан қоректенетін бөлгіш ауызды бүгілмелі құбырлары бар қатарларға (E) орнатыңыз.

A—Қақпақ

B—Қара шығару бүгілмелі құбыры (Стандартты)


C—Жалғыз ауызды бүгілмелі құбыр

D—Сұр шығару бүгілмелі құбыры (Бөлгіш)


E—Бөлгіш ауызды бүгілмелі құбыр



Қақпақтар



Қара шығару бүгілмелі құбыры



Сұр шығару бүгілмелі құбыры

A50710 —UN—17OCT02

A54896 —UN—22SEP04

A54897 —UN—22SEP04

OUC6074,0000D5A -KK-30APR09-1/1


## Дән көшеттерін ОӨЖ жүйелерімен себу

*ЕСКЕРТУ: Себілетін дәннің аз көлемде болғандығынан, ОӨЖ жүйесін жұмыстан алу және қатар бөлімдерін жекеше толтыру ұсынылады.*

Сымдар қосқышын (А) ОӨЖ желдеткішінен ажыратыңыз.

ОӨЖ бактарын пайдаланудың орнына қатар бөлімдерін жекеше толтырыңыз.

**А—ОӨЖ желдеткіш сымдары қосқышы**



A54350 —UN—18MAY04

OUC6074,0000D2C -KK-02JUL07-1/1

## ОӨЖ бактарын жартылай тазалау

ОӨЖ қоймаларынан дәндердің тек бөлігін ғана тазалау үшін алынатын дәндердің мөлшерін реттеу үшін ашылып жабыла алатын кіші өзгермелі тазалау есігін пайдаланыңыз.

Дәндердің қажетті мөлшері төгілмегенше есікті (А) жылжытыңыз.

**А—Есік**



A52501 —UN—01JUN04

OUC6074,0000B2B -KK-26MAR04-1/1

## ОӨЖ бактарын тазалау

**МАҢЫЗДЫ:** ОӨЖ бактарындағы тазалау есіктерінің машинаны бүгудың алдында жабылғандығын тексеріңіз, әйтпесе олар зақымдалуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Тазалау есігі (B) бактарды түзету және басқарылатын тазалау үшін қолданылады.

Тазалау есігі (D) тазалау басталғанда жабылмайды.


Мақұлданған дөңдерді қоймадан тазалағанда барлық дөңдерді қоймадан 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен шығарыңыз.

Дөңнің немесе тальктің барлық өңделу жиналуларын 1372 мм (4,5 фут) тұтқасы бар қатты 203 мм (8 дюйм) кең қылшақпен алыңыз.


1. Қоймадағы дөңдерді жинау үшін контейнерді тазалау есіктерінің астына орнатыңыз.
2. Тазалау есігін (B) басқару үшін тұтқаны (A) сырғытыңыз. Дөңнің көбі алынған кезде есікті жабыңыз.
3. Қоймада қалған дөңдерді жинау үшін иіңтіректі (C) айналдырып, тазалау есігін (D) ашыңыз.
4. Тазалау есігін жабыңыз.
5. Барлық тазалау есіктері үшін қайталаңыз.

A—Тұтқа  
B—Тазалау есігі


C—Тұтқа  
D—Тазалау есігі



A68219—UN—20JUL10



A68218—UN—20JUL10



A68220—UN—20JUL10

OUO6074,00009BF -KK-20JUL10-1/1


**Біріктірілген және бұғатталған ОӨЖ жүйесі**

Егер дән мониторы қатар бұзылды ескертуін көрсетсе, алдымен дән жеткізу түтігінің бітелуін немесе өнімнің ОӨЖ бағында кептелуін тексеріңіз. Себебін анықтау, үшін келесіні орындаңыз:

1. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз.
2. Бітелген тұқым себетін қатар бөлімі жинауышынан қақпақты алыңыз.
3. Жинауыштың шығару бүгілмелі құбыры (А) арқылы ағатын ауаның мөлшерін бақылаңыз.
  - Егер **Төменгі ауа ағымы** байқалса, ОӨЖ жеткізу шлангісі бітеледі. Осы үрдістегі ОӨЖ шлангісінің бұғатталуын алу мақаласын оқыңыз.
  - Егер **Жоғары ауа ағымы** байқалса, өнім ОӨЖ құбырында кептеледі. Осы үрдістегі Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген мақаласын оқыңыз.

**ОӨЖ шлангісінің бұғаттауын алып тастаңыз**

1. ОӨЖ желдеткішін өшіріңіз.
2. Дән жеткізу шлангісін бұзылған тұқым себетін қатар бөлімінен алып тастаңыз.
3. Кедергі шлангінің ұшынан ағып шыққанша шлангіні жинауыштан ОӨЖ бағына қатты сілкіңіз.
4. Шлангіні қайта жалғаңыз.



Pro-Series™ жинауышы көрсетілген

А—Жинауыштың шығару бүгілмелі құбыры

5. ОӨЖ желдеткішін қосыңыз және дәннің жинауышқа ағуын тексеріңіз.
6. Егер дән ағыны бақыланбаса, үрдісті қайталап орындаңыз.

OUO6045,0000001 -KK-27MAY09-1/2

A54895—UN—22SEP04

**Өнім ОӨЖ бағы құбырында кептелген**



1. ОӨЖ жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне көз жеткізу үшін төмендегі элементтер тексерілуі қажет:
  - ОӨЖ бағы қысымы себілетін дәнге ұсынылған параметрге орнатылған.
  - ОӨЖ желдеткіші қосылған кезде бак араластырушысы айналады.
2. Түтікше ендірмелері (А) себілетін арнайы түсім үшін орнатылған немесе алынған.
3. Араластырушы істіктері (В) бак түтікшелері арасында орталыққа дәлденген.

**МАҢЫЗДЫ: Бак қысымының 24 дюймынан АСЫРМАҢЫЗ** әйтпесе гидравликалық мотордың және дән бағы қақпақтарының зақымдалуы мүмкін.

4. Егер барлық жағдайлар шешіліп, кептелу әлі де пайда болса, ОӨЖ бак қысымын 1 дюйм артуларында дән барлық қатарларға дұрыс аққанша арттырыңыз.

А—Түтікше ендірмесі

В—Істіктер



A50710—UN—17OCT02


A62189—UN—06MAR08

OUO6045,0000001 -KK-27MAY09-2/2

## ОӨЖ желдеткіші моторының май қоймасы

Белгілі бір жағдайларда ОӨЖ желдеткіш моторы мотор білігінің сальнигі арқылы майдың аз мөлшерінің ағуына жол береді. Бұл ағу қалыпты болып саналады. Майдың қалыпты ағуы себу маусымы барысында қойманы (А) толтырмайды. Егер қойма толығымен толған болса, мотордың сальнигінің ақаулығын тексеріңіз. John Deere™ дилеріне хабарласыңыз.

А—Қойма



A68295 —UN—19JUL10

John Deere - Deere & Company компаниясының сауда белгісі

OUO6074,0000A4D -KK-19JUL10-1/1

### Жалпы

**МАҢЫЗДЫ:** Машинаны көтерген немесе төмендеткен кезде ТБК иінтірегін **ҚАЛҚУ** күйіне **ҚОЙМАҢЫЗ**. Машинаны көтеру мен төмендетудің дұрыс үрдісі - толығымен **ЖОҒАРЫ** немесе **ТӨМЕН ҚУАТ БЕРУ**.

Дән түтіктері мен дән қопсытқыштарының бітелуінің алдын алу үшін алға жүрген кезде машинаны төмендетіңіз.

**Машина төмендетілген кезде артқа ЖҮРМЕҢІЗ.**

Машинаның дұрыс жұмыс істеуі үшін машина жақтауының толығымен дұрыс жұмыс істеу күйіне төмендетілген болуы маңызды. Бұл күйге қол жеткізу тіркеме комбинацияларына байланысты қиын болуы мүмкін, әсіресе енуі ауыр топырақ жағдайларында сепкен кезде. Егер бұл жағдай алғаш рет болса, келесі әрекет кепілденген болады:

Тіркеменің төменгі күш деңгейлерін азайтыңыз. Тіркеменің қажет болғаннан артық төменгі күшін пайдалануды болдырмаңыз.

1. Ұсынылған өлшемді тракторды пайдаланыңыз.

2. Трактор мен машинаны тиісті түрде дайындаңыз. Тракторды дайындау және Машинаны дайындау бөлімдерін қараңыз.
3. Дәндердің және тыңайтқыштың өлшемдерін мұқият тексеріңіз.
4. Себудің алдында шина қысымын тексеріңіз.
5. Егу алдында трактордың гидравликалық майын жақсылап қыздырыңыз. Суық май желдеткіш жылдамдығын баяулатуы мүмкін.
6. ОӘЖ желдеткішін ұсынылған жылдамдықпен жұмыс істетіңіз. Шамадан тыс жылдамдық ауа жүйесінің шамадан тыс тозуын тудыруы және дәнді зақымдауы мүмкін.
7. Жоғары ылғалдыдық немесе дымқыл, жаңбырлы күндерде немесе түні бойы отырудан кейін машина бір немесе одан көп сағат тұрғанда ОӘЖ желдеткішін ұсынылған айналым/минуттармен машинаны 10 минут бойы тұрақты түрде жұмыс істетіңіз.
8. Ең жақсы нәтижелерге жету үшін таза дәнді қолданыңыз.

LD45720,00001A8 -KK-31MAR09-1/1

### Ылғалды топырақта басқару

Ылғалды топырақтан аулақ жүру қажет. Ылғалды топырақта себу кезінде трактор жүктеу күшін

жоғалтатын болса, доңғалақ цилиндрлерін кеңейтпеңіз. Ол доңғалақтарды топыраққа қаттырақ кіргізеді және салмақты трактордың артынан ауыстырады.

OUC1074,00000B4 -KK-13MAY09-1/1

### Машинаның фазасын ауыстыру

Машинаның көтеру жүйесінің фазасын ауыстыру үшін машинаны толығымен көтеріңіз және қашықтық

цилиндрінің басқару иінтірегін шамамен 5 секундтай ұстап тұрыңыз.

OUC6064,0000111 -KK-21MAY10-1/1

### VacuMeter™ гидравликалық жүйесін басқару

Вакуум моторының гидравликалық шлангілері қысым шлангісі "Қысқарту" муфтасына жалғанған кезде тракторға жалғануы тиіс.

Вакуум жүйесін қосу үшін ТБК иінтірегін алға жылжытыңыз және оны алға (қысқарту) фиксациялау күйіне құлыптаңыз.

Гидравликалық жүйедегі қысым тістерінің зақымдалуын болдырмаңыз. Вакуум жүйесін тоқтату үшін ТБК иінтірегін "Нейтрал" күйіне емес, алға "Қалқу" күйіне, жылжытыңыз.

Гидравликалық вакуум моторлары тоқтаған кезде ТБК иінтірегін қайта "Нейтрал" күйіне қоюға болады.

OUC6045,00008B4 -KK-21MAY09-1/1

## Сепкіштерді бүгу және жаю (Бүгілмеген көмекші машиналар)

**ЕСКЕРТУ:** Бұл қадамдар сепкіштің гидравликалық жүйесінің ұсынылғандай жалғанғандығына негізделген. "Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.

### Машинаны жаю:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне басыңыз.
2. Машинаны тасымалдаудан төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
3. Қанат доңғалақтарын төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
4. Қанат тұтқалары босатылғанша ысырманы төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ЫСЫРМАНЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.



5. Машинаны жаю үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
6. Ілгек ысырмасын құлыптау үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.
7. Қызмет көрсету үшін орталық жақтау қызметтік құлыптарын (G) және қанаттың қызметтік құлыптарын (H) орнатыңыз.

### Машинаны бүгу:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын СЕБУ күйіне басыңыз. Машинаны көтеру үшін ТБК I қосыңыз.
2. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне басыңыз.
3. Ілгек ысырмасын өшіру үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстап тұрыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.

4. Машинаны бүгу үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
5. Қанат тұтқалары ілгектің үстінде құлыпталғанша тығынды көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ЫСЫРМАНЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
6. Қанат доңғалақтарын бір-біріне тигенше көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.



Ортаңғы жақтау доңғалақтары



Қанат доңғалақтары

A—Маркерлер  
B—Маркер режимі  
C—Муфта  
D—Тасымалдау-себу

E—Көтерулі-Бүгулі тасымалдау  
F—Тығынды көтеру-Тығынды ысыру  
G—Қызметтік құлып, ортаңғы жақтау  
H—Қызметтік құлып, қанат

7. Машинаны тасымалдау күйіне көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

OUO6064,0000201 -KK-04APR13-1/1

A50678—UN—15OCT02

A75286—UN—23MAY12

A64953—UN—08JUL09

## Сепкіштерді бүгу және жаю (Бүгілген көмекшісімен жабдықталған машиналар)

**ЕСКЕРТУ:** Бұл қадамдар сепкіштің гидравликалық жүйесінің ұсынылғандай жалғанғандығына негізделген. "Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.

### Машинаны жаю:

1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне басыңыз.
2. Қанаттарды босату үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫНДЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
3. Машинаны тасымалдаудан төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
4. Қанат доңғалақтарын төмендету үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
5. Қанат тұтқалары босатылғанша тығынды төмендету үшін ТБК III қосыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.



6. Машинаны жаю үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
7. Ілгек ысырмасын құлыптау үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.
8. Қызмет көрсету үшін орталық жақтау қызметтік құлыптарын (G) және қанаттың қызметтік құлыптарын (H) орнатыңыз.

### Машинаны бүгу:


1. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын СЕБУ күйіне басыңыз. Машинаны көтеру үшін ТБК I қосыңыз.
2. СЕБУ-ТАСЫМАЛДАУ қосқышын ТАСЫМАЛДАУ күйіне басыңыз.
3. Ілгек ысырмасын босату үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫН ЫСЫРМАСЫ қосқышын ұстаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Сепкіш қанаттары жайылғаннан кейін тракторды сырғытыңыз.

4. Машинаны бүгу үшін ТБК II қосқан кезде БҮГУ қосқышын ұстаңыз.
5. Бүгуге көмектесетін цилиндрді қысқарту және қанаттарды бүгулі күйге тарту үшін ТБК II қосқан кезде ТЫҒЫНДЫ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.
6. Қанат тұтқалары ілгектің үстінде құлыпталғанша ысырманы көтеру үшін ТБК III қосыңыз.
7. Қанат доңғалақтарын бір-біріне тигенше көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.



Ортаңғы жақтау доңғалақтары



Қанат доңғалақтары

A—Маркерлер  
B—Маркер режимі  
C—Муфта  
D—Тасымалдау-себу

E—Көтерулі-Бүгулі тасымалдау  
F—Тығынды көтеру-тығынды ысыру  
G—Қызметтік құлып, ортаңғы жақтау  
H—Қызметтік құлып, қанат

8. Машинаны тасымалдау күйіне көтеру үшін ТБК II қосқан кезде ТАСЫМАЛДАУ КӨТЕРУ қосқышын ұстаңыз.

## Жақтау биіктігін тексеру

**ЕСКЕРТУ:** Келесі үрдістерді алқалпта орындау қажет:

1. Бапталатын төменгі күш жүйесін нөлдік қысымға орнатыңыз.
2. Машинаны жайыңыз және тегіс жерге төмендетіңіз.
3. Ілгекті сепкішке алдын артқа дейін теңгеріңіз. "Машинаны бекіту" бөлімінде "ІЛГЕК ТҮТІГІН ТЕҢГЕРУ" мақаласын қараңыз.
4. Жерден 7 x 7 дюйм жақтаудың түбіне дейінгі қашықтықты өлшеңіз. Өлшем келесі орындарда шамамен 533—560 мм (21—22 дюйм) болады:
5. Егер жақтаудың биіктігі 533—560 мм (21—22 дюйм) болмаса, осы бөлімдегі "НЕГІЗГІ ЖАҚТАУДЫҢ БИІКТІГІН БАПТАУ" және "ҚАНАТ ЖАҚТАУЫНЫҢ БИІКТІГІН БАПТАУ" мақаласын қараңыз.

OUO6064.00001FE -KK-27APR11-1/1

## Маркерді басқару

**ЕСКЕРТУ:** Бұл қадамдар сепкіштің гидравликалық жүйесінің ұсынылғандай жалғанғандығына негізделген. "Машинаны бекіту" бөлімінде "ГИДРАВЛИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР" мақаласын қараңыз.

### Авто режимі


1. Тасымалдау-Себу (D) қосқышын СЕБУ күйіне басыңыз.
2. Маркер режимі (B) қосқышын АВТО күйіне орнатыңыз.
3. Іске қосу үшін ТБК II пайдаланыңыз және маркерлер автоматты түрде кезектеседі. Алға итеру маркерлерді төмендетеді, артқа тарту маркерді көтереді.

### Қол режимі

1. Тасымалдау-Себу (D) қосқышын СЕБУ күйіне басыңыз.
2. Маркер режимі (B) қосқышын ҚОЛ күйіне орнатыңыз.
3. Маркердің қайсысын қосуды таңдау үшін C не O маркерлер (A) түймешігін басыңыз.

A—Маркерлер  
B—Маркер режимі  
C—Муфта

D—Тасымалдау-себу  
E—Көтерулі-Бүгулі тасымалдау  
F—Тығынды көтеру-тығынды ысыру




A50678 —UN—15OCT02

4. Маркерлерді іске қосу үшін ТБК II пайдаланыңыз. Алға итеру маркерлерді төмендетеді, артқа тарту маркерді көтереді.

OUO6064.0000112 -KK-21MAY10-1/1

## Себу тереңдігін баптау

**ЕСКЕРТУ:** Тұйықтаушы доңғалақтың төменгі күші дән орналасуы мен тереңдігіне әсер



A53159 —UN—23OCT03

етуі мүмкін. Дән жүйектерін жабу үшін қажетті күштен артық күш қолданбаңыз, әсіресе жеңіл топырақтарда.



A57709 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны "жүргізу"

Қатар доңғалақтары (B) дән тереңдігін бақылайды. Себу тереңдігін төмендегідей баптаңыз:

1. Қатар доңғалақтарынан салмақты алу үшін машинаны көтеріңіз.
2. Тереңдікті баптайтын тұтқаны (A) көтеріңіз. Себу тереңдігін азайту үшін оны алға жылжытыңыз немесе себу тереңдігін арттыру үшін артқа жылжытыңыз. Егер кішкене өсім болғанын қаласаңыз, "жүру" тұтқасын жан-жаққа жылжытыңыз. Әрбір баптау күйі себу тереңдігін 6 мм-ге (1/4 дюйм) өзгертеді.
3. Барлық қатарларды бірдей бастапқы параметрге баптаңыз.

**МАҢЫЗДЫ:** Дән түтіктерінің бітелуін болдырмаңыз. Алқапта жұмыс істеген кезде, трактор алға жылжығанда машинаны төмендетіңіз.

4. Машинаны төмендетіңіз және қалыпты себу жылдамдығымен кішкене жүріңіз.

**A**—Тереңдікті баптайтын тұтқа

**B**—Қатар доңғалақтары



A57710 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны "жүргізу"



A57711 —UN—05APR06

6 мм (1/4 дюйм) артуларында тұтқаны "жүргізу"


Келесі бетте жалғасады

OUC6074.00009B4 -KK-20APR06-1/2

5. Әрбір қатардағы себу тереңдігін тексеріңіз.
- Дәнді орналастыру үшін топырақты тік қазыңыз.
  - Дән мен топырақ профилінің (B) арасындағы тереңдікті (A) өлшеңіз. Артқы доңғалақтар жасаған шығыңқы жердің (C) төбесіне дейін өлшемеңіз.

A—Тереңдігі  
B—Топырақ профилінің  
төбесі

C—Шығыңқы жер



Топырақ айқасу бөлімі

OUO6074.00009B4 -KK-20APR06-2/2


A57713 —UN—20APR06

## Ауыр режимді төменгі күш серіппелер


Бапталатын ауыр режимді төменгі күш серіппе жүйесі ыңғайсыз алқап шарттарында себу кезінде және топырақ не топырақ қалдығына тию қиын болғанда ұсынылады. Серіппе жүйесі секіруді барынша азайту және қопсытқышқа қатты топырақ жағдайларында енуге көмектесу үшін негізгі жақтаудың салмағын себу бөліміне жібереді. Күш жіберілуінің мөлшері 0 - 181 кг (0-400 фунт) аралығында бапталады. Жетекші доңғалақтың шамадан тыс сырғуын болдырмау үшін қажет төменгі күштен асырмаңыз. Жабысқақ жағдайларда, балласт салмағы қажет болуы мүмкін.

Төменгі күш серіппелерді баптау үшін келесіні орындаңыз:

- Машинаны көтеріңіз.
- Серіппелі баптау тұтқасын (A) көтеріңіз және төменгі күштің қалаған мөлшеріне жету үшін (B), (C), (D) немесе (E) ойығына орналастырыңыз.
  - Төменгі күштің Нөл кг (фунт) үшін (B) ойығын пайдаланыңыз.
  - Төменгі күштің 57 кг (125 фунт) үшін (C) ойығын пайдаланыңыз.
  - Төменгі күштің 113 кг (250 фунт) үшін (D) ойығын пайдаланыңыз.
  - Төменгі күштің 181 кг (400 фунт) үшін (E) ойығын пайдаланыңыз.



Тұтқа минималды күйінде



A—Серіппені баптау тұтқасы  
B—Ойық  
C—Ойық  
D—Ойық  
E—Ойық

OUO6074.0000887 -KK-15MAY09-1/1


A47325 —UN—12APR01

A47306 —UN—11APR01

## Артқы доңғалақтың төменгі күшін баптау

Бұрышталған артқы доңғалақтар дән қопсытқышының артынан ереді және қопсытқыштар жасаған дән арнасын жабады. Артқы доңғалақтар дәннің әрбір жағындағы топырақты тығыздайды, тікелей дәннің үстін емес. Бапталатын серіппе күші дән арнасының дұрыс жабылуына мүмкіндік береді.

